

Хойшындағы Салттау аудио

**Хандар
kecied**



*Кошыкара
Салтаратын*

**Ханзада
кеңеді**

*Алматы
«Жалын»
1992*

Салғараұлы Қ.

С 18 Хандар кестесі: (Шығыс хандарының жылнамалық кестесі).— Алматы: Жалын, 1992.— 48 бет.

ISBN 5-610-01122-1

«Хандар кестесі»— окушы қауымға тарихи тақырыпқа жазылған «Алтын тамыр», «Көмбей» атты роман-эсселерімен жаксы таныс жазушы Қ. Салғариннің ұзак жылғы зерттеу еңбегінің жемісі. Кітап анықтамалық мақсатта нақты деректерге құрылған. Сондықтан өз халқының тарихын танып, өткенін жете білсем деген әр адам бұл кітаптан ерекше мол мағлұмат ала алады. Өйткени мұнда автор сонау скиф патшалығынан кешегі қазақ хандығына дейінгі жиырма бес ғасырлық аралықты қамтып, осынау Ұлы Даіда әр кезеңде әмір сүрген патшалыктар мен қағанаттардың, мемлекеттер мен хандықтардың билеушілерінің жылнамалық кестесін жасай отырып, сол кезеңдердің тарихынан нақты деректер береді. Тарихи фактілерге сүйенген автордың окушыны ойға шакыратын жаңа пайымдаулары да барлық.

Кітап қазақ халқының бағзы замандардан бергі тарихын жүйелеп білгісі келген оқырмандарға арналған.

4702250201—015
С ————— без объявл —92 ББК 63. 3 Каз.
 408(05)92

ISBN 5-610-01122-1

© Қойшығара Салғарин, 1992.

КЕСТЕГЕ КІРІСПЕ

Тарихқа Ұлы Даға деген атпен енген, шығысы Хинган тау жоталарына тіреліп, батысы Қара тәңіздің жағалауына иек артып жатқан осынау ұланғайыр байтақ өңірде сонау есте жоқ ескі заманнан бері көшпелі елдің үрпағы мекендер, тіршілік етіп келеді. Тарих-ана ата-баба өмірінің бергісіне қуәлік бергенімен, аргысына дәрменсіздік танытады. Сондықтан да көне өмірдің ой көзі жетпес күңгірт тұстары әлі барышылық. Ал айқын көріп, ажыратса танымаған жерде «осылай болар-ау» үстемдік алғып, әркімнің өз болжамын алға тартары белгілі. Бұлардың қайсысы дұрыс? Міне, осы арада көп шындықтың ішінен дара ақиқатты айыра алатын, сан пікірді салыстырып, саралай білетін, әділеттен айнымайтын әділ қазы керек-ақ. Бұл ретте көңілге күдік алмай жүгінер жалғыз қазығылым болмақ. Алайда оның өзі кешегі «сапты аяқта ас құйып, сабынан қарауыл қойған» заманда екі өкпесіне бірдей саясат салқыны өтіп, жер бауырлап жатып алды. Ақиқат ашылмады. Соның салдарынан осынау ұлы даланы мекендерген, әрқайсысының бастау тәркіні ғасырлардың терең-терен түпкіріне кететін, түрмис-тіршілігі сан қылы әр түрлі халықтардың ата-бабасының атын атап, түрін түстеп бере алмай, бәрін шартты түрде бір атаумен «далалықтар» немесе «қөшпелілер» деп атап, бәріне ортақ бір бөрік кигізіп келдік. Бірақ «Алатайды алақанмен жасыра алмайсың» дегендей, далалықтардың тарихын дәуір кезеңіне бөліп, саралай таратса бастағанда әлгі бір бөрік тарлық етіп, берекеміз кететін. Содан келіп амалсыз жазу-сызуын ертерек хаттап үлгерген олардың байырғы отырышы көршілерінің далалықтарға тоғышар менмендікпен зорлап жапсырған жексүрін лақап аттарын

нақты халықтың атая ретінде пайдалануға мәжбүр болатынбыз. Бірақ олардың бірде біреуі халықтың төл атауын бермейтін. Мысалы, аталуы тіл ерекшелігіне қарай әр түрлі болғанымен, далалықтарға берген көне гректердің «скиф», парсылардың «сақ», қытайлардың «ху» атауларының бәрі бір «жабайы», «варвар» деген мағынаны білдіреді. Бұкіл далалықтарды осылай жабайы деп үғынған отырышы елдердің көшпелі көрші халықтарға берген жекелеген атаулары да «жалғыз көзі маңдайына біткендер» (аримаспы), «сыңар емшектілер» (амазонка), «шошақ бәрік кигендер» (тиграхаяда), «үлкен өзеннің аргы жағындағылар» (Тараадарая), «хаому сусынын дайындайтындар» (хаомуварга), «кеекішіл құлдар» (хұнну), «шығыстағы жабайылар» (дұнху), «биік доңғалақты арбалылар» (гаогюй), «арсыз иттер» (түгю) және осылар тәріздес болып келеді. Бірақ «жоқтың не жегізбейді» деп халық даналығы айтқандай, нақты деректің жоқтығы дамыған елдің дамымаған елге қиянат жасай беруін өмір заңына айналдыրғандай, бүгінгі сауатты үрпақты да шықкан тегін осы қорлық атпен тануға мәжбүр етіп отыр.

Мұндайда әйтеуір «жоқтан бар жақсы», қорлық атпен болса да, тегінде танып жатсан, оғанда шүкіршілік қой дейсің. Бірақ «кісіге қараган күн құрысын» деп атам қазақ айтқандай, біреу жазған тарих онда ма, скиф жөнінде де, сақ жөнінде де жете білуіңе жәрдемдесер жеткілікті дерек таппай тағы қор боласың. Бұларға қараганда қытай жазбалары кәдімгідей иманжұзділеу. Мұнда халық аты, кісі есімі, жер атавы түгелдей бұзылып, қытайлық мағынада кемсітіліп берілгенімен, баяндалып отырылған оқиға тарихтың, географиялық, мерзімдік түргыда жүйелі жазылады.

Сондықтан «Хандар кестесін» жасағанда тарихи бастауымыз, тағдырымыз ортақ болған көне халықтар жөнінде гі мәліметтерді пайдаланғанда осы қытай жазбаларына көбірек арқа сүйедік.

«Хандар кестесін» жасау, яғни ел билеген әuletтердің хронологиялық кестесін жасау — тарихын танып-білуғе ден қойған мәдениетті елдерде бұрыннан бар үрдіс. Отарышлдықтың езгісінде болып, өткенін өгейсітіп алған қазақ елінің толыққанды төл тарихын жазып, өткенінің басаяғын түгендеуге шамасы келмеді, мүмкіндігі болмады. Ел тәуелсіздігін алып, ертеңіне сенім мен қол согзан қазіргі шақта тегін тануға ұмтылған жүрттың талабын қанағаттандырып, өткенін өзінше білуіне көмектесу тек тарихиы

ғалымдардың ғана міндеті емес, елін, жерін сүйген әрбір зерделі азаматтың борышы болмақ. Әркім білгенін ортага салып, жалпы көпшіліктің, әсіресе, өсіп келе жатқан жас үрпақтың тарихи санасына қалыптастыруға ат салысуы қажет. Өйткені тарихи сананы қалыптастырымайныша үлттық сананы ояту мүмкін емес. Ал үлттық сана өянбай ілгерілеу, ерікті де еркін ел болу қыын.

Халықтың тарихы қашанда, қай заманда да сол халықты бақырган патшалар мен хандардың, ел қорғаган батырлардың, үрпағына үлгі-өнеге қалдырыған ақыл иесі жандардың есімдерімен тығыз байланыста жазылып, солар арқылы танылып жататыны белгілі. Демек, бастаң түрлі-түрлі заманды, қылыш-қылыш кезеңдерді өткерген ата-бабамыздың тарихын танып-білуғе үмтүлған әр жаңның қол астында «Хандар кестесі» болуы бірінші қажеттілік.

Оқушыға ұсынылып отырган «Хандар кестесі» қазақ тарихында осы түрғыда тұңғыш жасалынған дүние болғандықтан, оның алғашқы қадамға тән кемшиліктегі болуы әбден мүмкін. «Көші жүре түзеледі» дегендей, уақыт оза келе, көпшілік пікірі ескеріле отырылып, оның толықтырыла, жетілдіріле түсепі хақ. Ал қазіргі нұсқа —«төрт құбыла-сын түгендеймін» деп баптанып жатуды көтермейтін бүгінгі жағдай талабын ескеріп, тарихына сусаған елдің аз да болса кәдесіне жарай берсін деген иғі ниеттөн туған талпыныс қана. «Жоқта ішкен көженің де тоқтығы бар» деген, ал да кәдеңе жарат, әғайын.

СКИФ ПАТШАЛАРЫ

1. *Ишпакай* — таққа отырған кезі белгісіз — біздің ж. с. д. 670 жылға дейін.
2. *Партагуа* — біздің ж. с. д. 670—650 жылдар.
3. *Мәди* (*Мадий*) — біздің ж. с. д. 650—633 жылдар.
4. *Иданфирс* — біздің ж. с. д. 516 жыл.
5. *Скил* — біздің ж. с. д. 460—456 жылдар.
6. *Октамсад* — біздің ж. с. д. 456 жыл.
7. *Атей* — біздің ж. с. д. IV ғасыр.

Скифтер жөнінде бізге жеткен деректер өте аз. Соңдықтан болар олардың өздері туралы да, мекендереген өнірі жайында да нақты ештеме айтылмайды. Тарих атасы атанған Геродот берген деректер мен кейінгі қазба жұмыстар материалдарына сүйенген біраз ғалымдар скифтерді Қара теңіздің жағалауының оңтүстік бөлегін түгел Дунайдың сағасына дейін, Төменгі Буга мен Днепрден Азов теңізіне дейінгі аралыққа орналастыrsa, енді біразы оларды Еділдің төменгі ағысынан шығысқа қарайғы кең алқапты мекендейді дейді. Соңғылардың айтуына қараганда, скифтер будан кейін Еділдің батыс жағалауына өтіп, одан Терістік Кавказға келген. Содан қазіргі Дағыстан мен Дербент асуы арқылы әзіrbайжан жеріне өткен.

Скифтер жөніндегі осынау аз деректердің өзі негізінен олардың батыстағы көршілері киммермен, ассириймен, мидиямен жасаған соғыстарының нәтижесінде осылармен байланыста болған көне грек тарихшылары арқылы бізге жетіп отыр. Жоғарыда есімдерін атаған патшалар жөніндегі деректер де солардан алынды.

Жалпы скифтер жөніндегі алғашқы деректер азыз ретінде кездеседі. Бұл ретте Геродот үш азыз дерегін береді. Соның бірі — скифтердің өздері айтты дейтін азыз. Ол бойынша скифтердің алғашқы патшасының аты — Тарғытай. Геродоттың айтуынша, Тарғытай парсының Да-рий патшасынан тұра мың жыл бұрын өмір сүрген.

Екінші азызда скифтің алғашқы патшасының аты — Скиф. Бұл азыздың иесі — гректер. Азыздың айтуынша, атақты Геракл жоғалған атын ізден Гилем жеріне барғанда сол жердің иесі — басы әйел, бекесі жылан жанмен кездесіп, сонымен біраз уақыт бірге тұрады. Осы бірге тұрған уақыт ішінде Геракл әлгі жылан-әйелден үш үл көрді. Соның кенжесі — Скиф.

Бұлардың екеуі де азыз кейіпкерлері болғандықтан есімдерін скиф патшаларының тізіміне кіргізбей, кестені тарихқа нақты ісімен танылған патша — Ишпакайдан бастандық.

Біздің жыл санауымызға дейінгі VII-ғасырдың жетпісінші жылдарында скифтер мен ассириялықтар арасында алғаш рет үлкен соғыс болып, осы соғыста скиф патшасы Ишпакай қаза табады. Оның орнына баласы Парратуа патша болады. Ол Мидия патшасымен одак құрып, біздің жыл санауымызға дейінгі 673-жылы ассирия патшасы Асархонданға қарсы соғысады. Ақыр сонында онымен келісімге келіп, бір одак құрады. Парратуа бұл одакты тиімді пайдаланып, соның нәтижесінде қарсыластарын жеңіп, скиф патшалығын қүшайте түседі.

Парратуа өлген соң таққа отырған баласы Мәди (Мадий) Кіші Азияға басып кіреді. Сондай-ақ Мәди көп үзамай мидия патшалығын да өз қарауына қосып алады.

Иданғирс есімі бізге Геродоттың «Тарихының» төртінші кітабы Мельпоменадан белгілі. Онда ол жеңіліс көрмей келе жатқан Дарийдің әскерін талқандап, өзін бас сауғалап қашуға мәжбур етеді.

Осы арада ескерте кететін бір жай, Геродот Иданғирстің әкесі Саули (Савлий) жөнінде де атай кетеді. Оны Скиф патшасы еді деumen бірге даланың дана қарты, гректерге танымал оқымысты Анахарсты өлтіруші етіп көрсетеді. Анахарс Саулидің немере туысы. Сондай-ақ тарих атасы Иданғирспен бірге скиф патшалары Скопас пен Таксак есімдерін де Дарийге қарсы соғысуышылар ретінде атап кетеді.

Скиф патшаларының ішінде тағдыры күрделі патшасының бірі — Ариапиф баласы Скил. Ариапифті Анахарстың

атасы Спаргапиф өлтіргеннен кейін Скил таққа отырады. Ол шешесінің ықпалымен скифтердің әдет-ғұрпын ұнатпай, эллиндердің салтына көбірек әуестенеді. Ақыры осы әуестену оның түбіне жетіп тынады. Оны халқы эллин құдайына табынғаны үшін айыптап, өлтірмек болады. Осыны естіп қалған Скил қашып Фракийлерге барады. Бірақ Скилдің орнына халықтың қолдауымен патша болған Октамсад оны өздеріне бұдан бұрын қашып келіп, панаған фракийліктердің патшасының інісіне айырбастап алыш, алдына келген сэтте басын алуға бұйрық береді.

Атей — біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV-ғасырда өмір сүрген Солтүстік Кавказ скифтерінің патшасы. Ол фракия тайпаларымен Понт теңізінің батысындағы грек қалаларын өзіне қаратады. Кейін Филипп II Македонскийден күйрей жеңіледі.

САҚ ПАТШАЛАРЫ

1. *Зарина* — біздің ж. с. д. VI-ғасыр.
2. *Томирис* — біздің ж. с. д. 531—528 жылдар.
3. *Аморга* — біздің ж. с. д. 538 жыл.
4. *Сунха* — біздің ж. с. д. 517 жыл.

Көне парсының сына жазуында Шығыс Иранның теріс-кейіндегі көшпелі тайпалардың бәрін ортақ бір атаумен «сақ» деп атайды. Алтын және күміс қалақшаларға жазылған Дариидің Хамадан және Персеполь текістері, Бехистун тауындағы жазбалары, Ксеркстің «Дэвтер туралы жазбасы» сақ тайпалары жөнінде біраз мағлұматтар береді. Сондай-ақ көне ирандықтардың зороастриялық діни кітаптарының жинағы — Авестадан да біраз деректер ұшырасады.

Сақ патшалары жөніндегі негізгі деректер парсы патшаларының жаулап алу жорықтарына байланысты жазылған тарихи шығармаларда кездеседі. Мысалы, көрші патшалықтардың бірінен кейін бірін жаулап алыш, өз патшалығының құрамына енгізген парсының Кир патшасы (біздің ж. с. д 558—529 жылдар) Вавилонды толық өзіне қаратқаннан кейін сақтың біраз тайпасының жерін басып алады. Сондай жорығында ол сақ патшасы Аморганы қолға түсіріп,

тұтқындаиды. Бірақ Аморганың әйелі Спаретра соғыстан аман қалған жауынгерлердің басын қосып, Кир әскеріне тұтқылдан шабуыл жасап, күйеудің тұтқыннан босатып алады. Жалпы сақ әйелдерінің ерлігі жөнінде парсылар ерекше таңданыспен жазады.

Египетті жаулап алар алдында Кир шығыс жағындағы көшпелілерден болар қауіпті біржола жою үшін сақ тайпаларына жойқын шабуыл жасайды. Бірақ массагеттің әйел патшасы Томиристің әскерінен қүйрей женіліп, Кирдің өзі осы соғыста қаза табады. Бұл біздің жыл санауымызға дейінгі 529 жыл еді. Томирис «іздел келгенің кісінің қаны еді, енді соны қанғаныңша іш» деп, Кирдің кесілген басын қан толтырылған торсыққа салып, іліп қояды.

Кирден кейін, сақтардың жеріне Дарий патша жорық жасайды. Осы жорығы жөнінде Бехистун жазбасында оның өзі былай деп жазады: «Мен... сақтар еліне бардым. Бұл ел шошақ бөрік киеді... Сейтіп мен сақтарды ойсырата талқандадым, олардың біразын тұтқынға алдым. Енді біразын байлап-матап маған алып келді. Олардың Скунха деп атайдын ең үлкенін қолға түсіріп, маған әкелді» дейді. Сейтіп сақ патшасы тұтқынға тусуімен осылайша тарихқа енеді.

Сақ патшаларының біздің жыл санауымызға дейінгі VI ғасырда өмір сүрген әйел патшасы Зарина (Зорене) жөніндегі біраз құнды деректер бар. Ол өзі ғашық болған мидия патшасы Стриангей үшін күйеуді Мермерді өлтіреді. Бірақ оған өзі тимейді, яғни тұрмысқа шықпайды. «Егер мен саған тұрмысқа шықсам, елім еркіндігінен айрылып, мидиялыштарға тәуелді болады» деп, өз бақытын халқының тәуелсіздігі жолына құрбан етеді. Зарина — зерттеуді керек ететін өте күрделі тарихи тұлға.

ХУННУ ТӘҢІРҚҰТТАРЫ

1. *Тумынъ* (Бумын, Туман, Томан) — біздің ж. с. д. 225—209 жылдар.
2. *Модэ* — біздің ж. с. д. 209—174 жылдар.
3. *Лаошан-Гиой* — біздің ж. с. д. 174—161 жылдар.
4. *Гюньчень* — біздің ж. с. д. 161—126 жылдар.
5. *Ичисие* — біздің ж. с. д. 126—114 жылдар.
6. *Узэй* — біздің ж. с. д. 114—105 жылдар.
7. *Эрр* (Ушылу) — біздің ж. с. д. 105—102 жылдар.
8. *Гюлиху* — біздің ж. с. д. 102—101 жылдар.
9. *Цзюйдихэу* — біздің ж. с. д. 101—90 жылдар.
10. *Хулугу* — біздің ж. с. д. 90—85 жылдар.
11. *Хуаньди* — біздің ж. с. д. 85—68 жылдар.
12. *Хюйлюй-Цюанькюй* — біздің ж. с. д. 68—60 жылдар.
13. *Уянь-Гюйди* — біздің ж. с. д. 60—58 жылдар.

Хунну — қытай сөзі, «жауыз құл» немесе «кеекшіл құл» деген мағына береді. Бұл — көне қытайлықтардың өздері «ху» деп атаған далалықтардың ішінде түрік тілдес халықтарға берген атауы.

Ал бұл халықтың шын мәніндегі атауы қандай? Ол әлі күнге белгісіз. Бірақ ғылым әлі мойындағанымен бұл жөнінде нақты болжамдар бар. Фазль-улла Рашид-ад-диннен бастап көптеген азиялық тарихшылар Түріктің бесінші үрпағы Аланша ханнан екі бала — Татар мен Монголды туғызып, осы екеуінен тараған үрпак «татар», «моңғол» атты екі ел болды деп жазады. Міне, осы азиялық тарихшылардың баяндаудағы екі елдің — моңғол мен татардың тарихы қытай тарихшылары баяндаудағы хунну мен дунху атты екі елдің тарихымен бірдей. Осыған қарап, қытай тарихындағы хуннудың шын төл аты — моңғол, ал дунхудікі — татар деп толық айтуға болатын сәкілді.

Көшпелі тайпалардың тарих тегершігінің айналымында бірде күшейіп, бірігіп, үлкен мемлекет құруы, бірде әлсіреп, ыдырап, жеке тайпаларға бөлініп кетуі жиі болып тұрған. Осыған орай олар халықтық атауын бірде жоғалтып, бірде қайта жаңғыртып отырған. Бұған мысал ретінде түрік атауын алуға болады. Сонау есте жоқ ескі заманнан Тұранды мекен еткен халықтардың ортақ атауы түрік болғаны аян. Сол түрік атауы тарих сахнасынан шығып қалғаннан кейін арада бірнеше ғасыр өткенде, 535-жылы

Алтайда сыр халқы қайта жаңғыртып, әйгілі Түрік қағанатының шаңырағын көтерді. Ал бұл қағанат құлап, оның құрамындағы тайпалар ыдырап кеткенде түрік атауы тарих сахнасынан тағы да шығып қалды. Тек арада біраз уақыт еткенде Сырдария бойынан Кіші Азияға, Анатолы тубегіне барған оғыздар бұл атауды қайта жаңғыртып, Түрік мемлекетін құрды.

XII-ғасырда Орталық Азияға Хинган тау жоталарының етегінен ауып келген татандар да осылар сияқты монғол атауын қайта жаңғыртып, болашақ Монғол империясының шаңырағын көтерді. Сондықтан көне монғол, яғни хунну-монғол мен кейінгі осы татан-монғол атауларын бір-бірімен шатыстырмады.

Осы орайда «жарайды, хуннулар монғол болса болған шығар, бірақ оның бізге қандай қатысы бар» деген сұрақтың тууы мүмкін. Бұған жауапты тарих деректерін қазып, ұзак әңгімелеп жатпас үшін мынаны айтсақ та жеткілікті фой дейміз.

Тіл тарихын зерттеуші ғалымдардың айтуынша, біз Алтай үйелменіндегі тіл тобының «түрік-монғол» деп аталатын тармағына жатамыз. Соның түрік тіліне хунну тілі енеді. Ал сол хунну тілінің батыс тармағына қыпшақ тілі жатады. Біздің қазақ тілі осы қыпшақ тілі негізінде қалыптасқан. Демек, бұл біздің ата-тегіміздің хуннулардан тарайтындығының, өзіміздің солардың занды үрпағы екендігіміздің нақты айғағы болса керек.

Хуннулар тарихқа Цинь империясының тарихшысы Сы-ма Цяньнің атакты «Тарихи жазбаларынан» біздің жыл санауымызға дейінгі 220-жылы қытайдың әйгілі Сары императоры — Хуан-дидің оларды ата мекені Ордасстан қып шығып, Ханхай тауының етегіне ысырып тастаған кезінен белгілі. Хуннулардың дәуірлеу кезеңі Модэ тәйіркүт (шаньюй) таққа отырып, дунху мен юечжылерді талқандап, терістік елдерін өзіне бағындырған біздің жыл санауымызға дейінгі III-ғасырдың соңғы жылдарынан басталады.

Жоғарыда кестеде көрсетілген хунну тәңіркүттарының аттары бізге түгелдей қытайлық мағынасында жеткен. Бұлардың бәрі де олардың төл аттары емес, олар әлі белгісіз. Сондықтан оларды сол тарихқа белгілі қытайша мағынасындағы атымен бердік. Өйткені қазіргі кейбір тарихшыларымыз алғы жүргеніндей, сыртқы үқсастықта, дыбыстық үндестікке қарап, олардың атын қазақшаға бейімдеп беруді шындыққа қиянат деп білдік. Атаудың

шын мағынасын білмей, оны жәй үқастыққа қарап жобалап айта салу ғылымға жат, кейінгі ізденіс танытар ұрпақты жаңылыстырыар алдамшы тірлік. Бір ғана мысал. Ағылшындар «атау», «шақыру» мағынасындағы сөзді — кол, орыстар «ұшы ұшкір қаданы»— кол, қалмақтар «өзенді»—кол дәп атайды екен. Сонда сөздің сырт үқастығына, дыбыс үндестігіне қарап, әлгі ағылшының, орыстың, қалмақтың «кол» дегенін біздің қазақтың «қол» сөзіне ұқсайды деп, аналардың әр түрлі мағынасын жоққа шығарып, бәрі адамның қолы деп түсіндіруге болмайды ғой. Бұл да сол сияқты.

Айталық, қазір бізден басқаның бәрі тіл ерекшелігіне қарай өзгерктені болмаса, хунну атауын сол қытайлық мағынасында «хунну», «гүнны» деп алғып жүр. Ал біздің тарихшыларымыз осы хуннудың алғашқы буыны монголдың «кісі» деген мағына беретін «ғун» сөзіне ұқсайды екен деп, бұл халықтық атауды тарихқа «ғун» деп кіргізіп жіберді. Сөйтіп ғұн халықтық атау болып ғылымда орнықты. Бірақ қас қылғандай, көп ұзамай одактық ғалымдар әлгі хунну атауын білдіретін қытай иероглифін енді бұрынғысынша «хунну» деп емес, «сюнну» деп оқып жүр. Енді қайттік? Мұның алғашқы буынын, яғни «сюн-ді» қазақтың не монголдың қай сөзіне ұқсатамыз?

Міне, кез келген атаудың шыққан төркіні ғылыми түрғыда мағынасы дәл танылып, ашылмай жәй сыртқы үқастыққа, дыбыс үндестігіне қарап анықтау, болжалдан айта салу қашанда осытай түйікқа тіремек, жұртты шатастырмақ.

ХУННУЛАРДЫҢ ҚЫТАЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ БАЖАҒЫ (БОДАНЫ) БОЛҒАННАН КЕЙИНГІ ТӘҢІРҚҰТТАРЫ

14. *Хуханье* — біздің ж. с. д. 58—31 жылдар.
15. *Фучжуләй* — біздің ж. с. д. 31—20 жылдар.
16. *Сусиे-жоди* — біздің ж. с. д. 20—12 жылдар.
17. *Гюня-жоди* — біздің ж. с. д. 12—8 жылдар.
18. *Учжулю-жоди* — біздің ж. с. д. 8—біздің ж. с. 13 жылдар.
19. *Уләй-жоди (Хянь)* біздің ж. с. 13—18 жылдар.
20. *Худурши Дао-жоди (Юй)* — біздің ж. с. 18—46 жылдар.

Қытай империясының отарлау мақсатында табандыгынан жүргізген жегі құрт саясаты хунну империясын іштей ірітіп, біздің жыл санауымызға дейінгі бірінші ғасырда оны екіге бөліп тынды. Соның салдарынан Хуханье тәңірқұт бастаған хуннудардың оңтүстік бөлегі қытай империясына «өз еркімен» (қазақтардың XVIII-ғасырда орыс империясына қосылуын еске алыңыз) бажақ (бодан) болып енді.

Ал осы Хуханьенің туған ағасы Хутуус (тарихқа Чжицжы тәңірқұт — шаньюй деген атпен енген) хуннудардың солтүстік бөлегін бастап, қашан Кангюй патшасының адамдарының қолынан қаза тапқанға дейін елдің тәуелсіздігі үшін құрес жүргізіп, қытай империясымен алысып етті. Өзінің ата жауы санағандықтан ба, қытай тарихы Хутуус тәңірқұттың үрпағының шежіресін бермейді. Ол басқа тарихи шығармаларда да көрсетілмеген. Сондықтан Солтүстік хунну тәңірқұттарының кестесін беруге мүмкіндік болмады. Бұлардың кейінгілерінің ішінде бізге белгілісі — әлемге аты әйгілі Еділ (Аттила) батыр. Ол қазіргі Венгрия жерінде 434—453-жылдар аралығында билік құрды. Еділ — Хутуустың он тәртінші үрпағы.

Қытай империясының бажағы болған Оңтүстік хуннудар тәуелділік қамытын кигеннен кейін көп ұзамай-ақ қытайдың салт-дәстүріне бейімделіп, жаппай қытай тілінде сөйлей бастады. Сөйтіп олар біздің жыл санауымыздың басында түгелдей біржола қытайыланып, тәңірқұттары жаппай қытай есімін алды. Кестеде көрсетілген соңғы екі тәңірқұттың алғашқысының Уләй-жоди тәңірқұт атанып жүріп, кейін Хянь есіміне, ал екіншісінің Худурши Дао-жоди деген атынан безіп, Юй шаньюй атануы осының айғағы.

ОНТҮСТИК ХУННУДЫҢ ҚЫТАЙЛАНҒАН ТӘҢІРҚҰТТАРЫ

1. *Би* — біздің ж. с. 46—55 жылдар.
2. *Мо* — біздің ж. с. 55—56 жылдар.
3. *Хань* — біздің ж. с. 56—59 жылдар.
4. *Ди* — біздің ж. с. 59—62 жылдар.
5. *Су* — біздің ж. с. 62 жыл (бірнеше ай ғана).
6. *Чжан* — біздің ж. с. 62—85 жылдар.
7. *Сюань* — біздің ж. с. 85—88 жылдар.
8. *Туньтухэ* — біздің ж. с. 88—93 жылдар.
9. *Аньго* — біздің ж. с. 93—94 жылдар.
10. *Шицзы* — біздің ж. с. 94—98 жылдар.
11. *Тань* — біздің ж. с. 98—124 жылдар.
12. *Ба* — біздің ж. с. 124—128 жылдар.
13. *Хюли* — біздің ж. с. 128—143 жылдар.
14. *Дэуләучу* — біздің ж. с. 143—147 жылдар.
15. *Гүйгүй* — біздің ж. с. 147—172 жылдар.
16. *Аты белгісіз* — біздің жыл санаумызыша 172—178 жылдар.
17. *Хучжен* — біздің ж. с. 178—179 жылдар.
18. *Кянкюй* — біздің ж. с. 179—188 жылдар.
19. *Юйфуло* — біздің ж. с. 188—194 жылдар.
20. *Хучуцуань* — біздің ж. с. 195—217 жылдар.

Хуннудың соңғы тәңірқұттарының кезінде елден береке кетіп, ел билеушілердің біреуі тақтан түспей жатып, екіншісі өзін тәңірқұттың деп жариялай берген. Мысалы, Юйфуло тәңірқұттың тұсында Хюйбу Гудухэу де өзін тәңірқұттың деп жариялап, елді бірге басқарды. Сондай-ақ Хучуцуань тәңірқұттың кезінде Кюйби тәңірқұт болды.

«Кестеде» келтірілген тәңірқұт есімдерінен-ақ керініп тұрғанындей, бұл кездегі хуннуларды хунну деуге болмайтын еди. Олардың тек есімдері ғана емес, бүкіл тұрмыстірлігі де қытайланып кеткен болатын. Сондықтан олар ез иеліктерін де қытайشا атай бастады. Мысалы, осы Онтүстік хуннулар іштей ыдырап, өзара тағы да екіге белінгенде елдің шығыс бөлегін билеген Лю тәңірқұт иелігін Чжао империясы деп, оның әuletінен тәңірқұт болғандар өздерін император деп атаған. Бірақ олар өздерін осылай қоқайтқанымен, бұлардың иелігін империя, өздерін император деуге әсте болмайтын. Олар жеке-жеке белінген барлы-жоғы шағын хандықтар ғана еди.

Хунну тәнірқұттарының кестесін аяқтай келе, сөз соңында айтар бір мәселе — хуннулар тарихының бізде әлі толық зерттелмей отырғандығы. Жоғарыда берілген кестелердегі тәнірқұттардың есімдерінің ішінде біз хунну билеушілерінің бастауында түрған Тумынъ шаньюйді, Модэ шаньюйді, онын баласы Лаошан Гиюйді, содан кейін хунну империясы ыдырап, екіге бөлінген кезінен Солтүстік Хуннудың тәнірқұты Хутуус (Чжичжы) пен Оңтүстік Хуннудың тәнірқұты Хуханьеңі ғана білеміз. Басқаларының аты-жөні де, істеген істері де бізге әлі беймәлім. Соның салдарынан біз өзімізді Шыңғыс хан тұқымының жеті фасыр бойы билеп келгені сияқты Модэ тәнірқұттың тұқымының да төрт жарым фасыр (бұл бізге белгілісі ғана) бойы хуннуларды билегенін, атап айтқанда, Оңтүстік хуннулардың қытайлану дәүірінің басында түрған Би тәнірқұт осы хуннулардың аталарын қытайдың бажақтығына байлад берген Хуханье тәнірқұттың немересі екенін, ал Хуханьеңің өзі Модэнің сегізінші үрпағы екенін де білмейміз. Өйткені біз хунну тарихына өзіміздің ата тегіміздің тарихы деп қарап, оны өзіміз жан-жақты зерттеген жоқпыш. Күні бүгінге дейін хуннулар туралы тек орыс ғалымдары берген деректерді ғана пайдаланып келеміз.

Ал тек тарихымызды шын танып, ата-бабамыздың өткенинен толық хабардар болып, оның жақсысынан өнеге алып, жаманынан қорытынды шығарамыз десек, жоғарыда аты мәлім үш-төрт тәнірқұттың ғана емес, бүкіл билеушілердің іс-әрекеттерін зерттеп, білуіміз қажет. Мұның өзі хунну аталған халықтың тұтас төрт фасырлық ғұмырын білу деген сөз.

Ғалымдар тарих қайталанып отырады дейді. Осы қайталанулардың қалай болатынын, оның қандай дәрежеде, қандай формада өтетінін тек тарихи деректерді салыстыру арқылы ғана анықтауға болады. Салыстыру — ақиқат айнасы. Шындық болмысын сол арқылы тануға болады. Егер біз хуннуларды отарлау үшін қытай империясының қандай саясат жүргізгенін, оған қарсы хунну тәнірқұттарының қандай әрекеттер жасағанын, олардың қытай империясының қалай бажағына айналғанын, ақырында қалай қытайланып тынғанын білмесек, оларды кешегі орыс империясының қазактарды қалай отарлағанымен, қазактардың орыс патшасының қалай бажағына айналғанымен, ақырында олардың да қалай орыстانا бастағанымен салыстыра алмасақ, ешқашан тарих сабағын ала алмаймыз, ата-бабамыз жіберген кемшілікті қайталай береміз.

ДУНХУ БИЛЕУШІЛЕРІ

1. *Бяньхэ* — біздің ж. с. 49—58 жылдар.
2. *Юйчеупынъ* — біздің ж. с. 58—93 жылдар.
3. *Маньту* — біздің ж. с. 93—97 жылдар.
4. *Яньчжиян* — біздің ж. с. 97—117 жылдар.
5. *Ляньхю* — біздің ж. с. 117—120 жылдар.
6. *Цичжиган* — біздің ж. с. 120—147 жылдар.
7. *Таншихан* — біздің ж. с. 155—181 жылдар.

Дунху — жоғарыда атап көрсеткеніміздей, хүннұлардың шығысындағы көршілерінің аты. Қытайша ол «шығыстағы жабайылар» (дун — шығыс, ху — жабайылар) деген мағына береді. Қытай тарихындағы халықтық бұл атауды азиялық тарихшылардың шығармаларындағы «татар» атауымен шендеңстіруге болады.

Хүннудың Модә тәңіркүты біздің жыл санауымызға дейінгі 208 -жылы өздерінің шығыстағы көршілері осы дунхуды тосын шабуылдан, тас-талқан қылған болатын. Осы қырғыннан аман қалғандары бас сауғалай Ухуань және Сянъби (екеуі де қытайша атауы) тауларына қашып барып, сонда паналайды. Кейін олар өсіп-өне келіп, өздері паналаған әлгі таулардың атымен ухуань және сянъби деген халықтық атауға ие болады.

Ұзақ уақытқа дейін ухуаньдықтар да, сянъбиліктер де жеке хандық құра алмай, жекелеген тайпалардың бірлестігі болып күн кешеді. Сондықтан олардың билеушілері де жекелеген тайпа көсемдері болып келеді. Өкінішке орай, қытай тарихы олардың бәрінің есімін толық бермейді, тек өздерінің шекараларын бұзып, шабуыл жасағандарының ғана аттарын атайды. Олар да қытайлық мағынада. Ал басқаларын жалпылама сянъбиліктер немесе ухуаньдықтар деп атап кете береді.

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендер сянъбидің қытайға танылған тайпа көсемдері. Осылардың ішінде хандық дәрежеге көтерілгендері — Цичжиган мен Таншихан ғана. Таншиханның кезінде ел баяғы Дунху хандығының дүркіреп тұрған деңгейіне жетіп, одан да асып түсті. Бірақ Таншихан өлгеннен кейін оның артында қалған бес баласының арасында тақ таласы басталып, ақырында олар елді екіге бөліп тынды.

Біздің жыл санауымыздың III-ғасырының аяғында сянъбидің бұл екі тармағы өздерінің дәуірлеу биігіне көтері-

ліп, қытайдың терістігінде көршілерінің бәрін қаймықтырар дәрежеге жеткен Моюн және Тоба әuletтері билік еткен екі хандыққа айналды.

а) МОЮН ХАНДЫҒЫНЫҢ ХАНДАРЫ

1. *Мохоба* — шамамен 270—281 жылдар.
2. *Шегүй* — 281—284 жылдар.
3. *Шань* — 284—285 жылдар.
4. *Хой* — 285—333 жылдар.
5. *Хуан* — 333—348 жылдар.
6. *Цзюнь* — 348—356 жылдар.
7. *Чуй* — 380—396 жылдар.

Сияни шаңырағына біріккен ірі рулардың көсемдері әрқайсысы жеке билікке ұмтылып, бір-бірінен іргесін аулақтай бастағанда солардың ішінде алғаш жеке хандыққа қол жеткізгендердің бірі — Моюн әuletі болатын. Олардың құрған хандығының Моюн (қытайша) аталуы да содан.

Моюн хандығы әуелде Оңтүстік Монголияның шығысında шаңырақ көтергенімен, Мохобаның кезінде Ляо-си аймағына келіп, қазіргі Пекиннің солтүстігіне орналасқаннан кейін ғана жеке хандық атқа ие болды. Мохобаның немересі Шегүй хандық шекарасын одан әрі кеңейте түсті.

Моюн хандығының ең дәуірлек кезі Моюн Хойдың хан болған кезінен басталады. Бұл еліне тыныштық әкелген, жастардың оқып, білім алуына ерекше көңіл бөлген өте білікті хан болды. Бірақ оның қатыгез баласы Хуан таққа отырғаннан кейін, ел берекесі кете бастады. Оның туған бауырларын құғынға салып, оларды қырғынға ұшыратуы хандықтың әлсіреуіне әкеп соқты. Хандықтың құрып кетпей, қайта өрлеуіне Моюн әuletінің соңғы мықты ханы Чуй көп еңбек сінірді.

Алайда бұл кезде терістікте дәуірлеп келе жатқан Тоба хандығының жау жүрек батыр ханы Тоба Гүй оның өресін аштырмай қойды. Сөйтіп ақырында осы Тоба Гүй Моюн хандығын біржола құлатып тынды.

Моюн хандығы құлағанымен оны құраган ірі тайпалар құрып кеткен жок. Олар кейін түрлі тарихи қылыштардан өтіп келіп, Түрік қағанатының құрамына енді.

б) ТОБА ХАНДЫНЫҢ ХАНДАРЫ

1. *Ливэй* — 261—295 жылдар.
2. *Лугуань* — 295—307 жылдар.
3. *Ито* — 295—307 жылдар.
4. *Илу* — 295—307 жылдар.
5. *Илу* — 307—316 жылдар.
6. *Лусю* — 316 жыл.
7. *Пугын* — 317 жыл.
8. *Юйлюй* — 318—321 жылдар.
9. *Хэнь* — 321—325 жылдар.
10. *Гэн* — 325—329 жылдар.
11. *Ихуай* — 329—335 жылдар.
12. *Гэн* (екінші рет) — 335—337 жылдар.
13. *Ихуай* (екінші рет) — 337—339 жылдар.
14. *Шейгянь* — 339—377 жылдар.
15. *Шығюнь* — 377—386 жылдар.
16. *Шегүй* (атақты Тоба Гүй осы) — 386—400 жылдар.

Сяньбидің екінші тармағы тобалықтарды тарихшылар «шашын өргендер» немесе «өрілген бұрымдылар» деп те атайды. Олардың сяньбиден бөлініп, жеке хандық құруына үш ғасырдай уақыт керек болды. Иен далада еркін көшіп, малын көбейтіп, ұрпағын өсірген тобалар бұл кезде 39 аймақты бауырына басқан 99 рулы елге айналды. Әулеттің бұлайша қуатты күшке айналғанын сезген Туинь хан осынау ұлы бірлестіктің тізгінін өз қолына алғаннан кейін, бір кезде ата-бабалары тастап кеткен ата мекенді еске алып, енді сол қара жұртқа қайтудың қамына кіріседі. Сейтіп ол оңтүстікке бет алады. Жолай кездескен көшпелі ру-тайпаларды бостира қып, Далай-норға жетеді.

Жаңа қоныс тобаларға құт болып, дәүлеттері бұрынғыдан да шалқи түседі. Туинь ханының алтынышы ұрпағы Линь қарамағындағы елді ірі тоғыз аймаққа бөліп, оны өзінің балалары мен бауырларына басқартады.

Сан жағынан еселене көбейіп, қуаты артқан тобалықтар енді көршілеріне шабуыл жасап, олардың біразын өздеріне бағындырып алады. Линьнің баласы Гиефынъ байыры хүннү жеріне аяқ салса, одан кейін хан тағын иеленген Ливэй бұдан да әрі өтіп, Дин-саян аймағына енеді.

Тоба хандарының кестесінде нақты қай жылдары хан тағына отырып, билік жүргізгені белгісіз болғандықтан жоғарыда аттары аталған үш ханды (Туинь, Линь, Гие-

фын) көрсетпедік. Осындай себеппен кестені Ливэйден бастауға тұра келді.

Ливэй өлген соң Тоба хандығы үшке бөлінді де, Ливэйдің үш баласы осы үш бәлікке хан болды. Үшеуінің тұсына кестеде бір мерзімді көрсетуіміз содан. Ливэйдің үлкен ұлы Лугань өлгеннен кейін Тоба Илу таққа отырды да, бар аймақты қайтадан өз қарауына біріктіріп, дара хандық құрды.

Тоба хандығы Шегүйдің (Тоба Гүйдің) тұсында айтартықтай қүшейді. Ол көршілерінің бәрін женіп, хандығын терістікте тенденсі жоқ үлкен империяға айналдырды.

Бірақ атақ та, даңқ та тоба елінің тағдырын өзге дала-лықтардан өзгешелей алмады. Тұптің түбінде олар да өздерінен бұрын дәүірлеген хуннұлардың, сяньбидердің, моюндардың кебін киді. Бұлардың олардан өзгешелігі — басқалардың құруына сыртқы жаулары себепші болса, тобалар өз елінің түбіне өздері жетті. Әрине бұл арада қытайдың жымысқа саясатының өз қызметін атқарғанын да жоққа шығаруға болмас.

Тоба Гүй өлгеннен кейін дәл 92 жыл өткенде тоба елінің билігін қолына алған Тоба Хун II бүйрық шығарып, қарауындағы өлең ана тілінде сөйлеуге, сяньби киімін киүгө, бұрынғыдай өз тайпаласынан әйел алуға тыым салды. Тобалықтар қытай тілінде сөйлеп, қытай киімін киүгө, шашты қытайша қоюға міндетті болды. Сондай-ақ бүкіл сяньбидердің аты қытай атына өзгертілді. Ол ол ма, тобалықтар тіпті өлігінің өзін туған жерге жерлеуден қалды. Сонымен бірге бар болмыссымен қытайға жағынған опасыз хан бастаған ісін аяғына дейін жеткізу үшін елдің атын да өзгертіп жіберді. Енді бұрынғы Тоба «Юань» деп аталды.

Бірақ жағынғанмен жағдай жақсармалы. Қытай ақсүйектерінің өкілі Гао Хуань 550-жылы өзін император деп жарияласымен, бүкіл Тоба әuletінің тұқымын турап өлтіріп, денелерін Сары өзенге (Хуанхэге) лақтыртты. Соның ішінде әсіре қытайшыл хан Тоба Хунь II-нің тұқымы да түгел кетті. Осылайша Солтүстік Қытайда үш ғасырдай өмір сүрген Тоба мемлекеті құлап, тарих сахнасынан шығып қалды.

ЖУЖАН (ЖУАН-ЖУАН) ХАНДЫҒЫНЫҢ ХАНДАРЫ

1. Шелун — 394—410 жылдар
2. Хулюй — 410—414 жылдар
3. Булучженъ — 414 жыл
4. Датан — 414—429 жылдар
5. Уди — 429—444 жылдар
6. Тухэчженъ — 444—464 жылдар
7. Юйченъ — 464—485 жылдар
8. Дэулунъ — 485—493 жылдар
9. Нагай — 493—500 жылдар
10. Футу — 500—508 жылдар
11. Чеуну — 508—521 жылдар
12. Анахуан — 521—552 жылдар

Жужандар тарихқа біздің жыл санауымыздың 391-жылдан бастап белгілі. Бірақ бұл Жужан хандығы осы жылдан шаңырақ көтерді деген сөз емес.

Жужан хандығының негізін әр кезеңде өзінің ханына бағынбай қашқан батырлар мен олардың сонына ерген әр түрлі қашқындар құраған. Олар ұзақ уақыт өздерінше жеке аймақ болған. Оларды бір кезде тобаңын алғашқы хандарының бірі Ливэйдің ат бапкери, кейін әскерге алынған жерінде қылмыс жасап қашқан Мугулой (жалтыры бас) деген басқарады.

Осы жалтырбастың баласы Челухойдың кезінде бұлар жуан-жуан деген атқа ие болады. Жуан-жуан қытай тілінде бір жәндіктің аты көрінеді. Кілең одан қашқан, бұдан қашқан «сен тұр, мен атайын» жігіттерден құралған топтың тынымсыз шабуылдан мезі болған қытайлар оларды кемсітіп әдейі осылай атаған сыңайлы. Жуан-жуанды кейін айтылуына қарай жужан деп атап кеткен.

Жужан аймағы жоғарыда айтылған Челухойдан, оның шөпшегі Дусуюанға дейін тұтастығын сақтап, күшеюмен болады. Ал Дусуюан елгеннен кейін оның екі баласы аймақты екіге бөліп, Пихуба — шығыс жағын, Выньгэди — батыс жағын иеленеді.

Арада біраз уақыт өткенде тарих сахнасына Выньгэдидің үшінші баласы Шелун шығады. Ол әуелі қытайдан алысырақ болуды көздел, өзіне қараған аймақтың адамда-рымен батысқа ауа көшеді. Сонда онша көп үзамай ол бүкіл теле және терістік тайпаларын, батыста мекендейтін

түрік тайпаларын өзіне қаратып алады. Сөйтіп ол жужанды хандық дәрежесіне көтеріп, өзін хан деп атайды. Біздің Жужан хандығының хандарының кестесін әuletтің басы Мугулюйден бастамай, Шелуннан бастауымыздың себебі де осыдан.

Жужан хандығы қашан өз бажағы Түрік хандығының ханы Бумын келіп, жаулап алғанға дейін Ұлы Даладағы құшті хандықтың бірі болып тұрды.

Біздің жыл санауымыздың 552-жылы түріктердің тосын шабуылынан кейін Жужан хандығы құлады. Осы жолғы соңғы соғыста жужанның соңғы ханы Анахуан кешегі өзі «құлым» деп қор тұтқан түріктердің қолына тірі түсіп, пенде болмау үшін өзін-өзі наизага қадап өлтіреді.

Қырғыннан аман қалған халықты Анахуанның ағасы Дыншуцзы бастаپ, Лай тауына алып кетеді. Бірақ соңынан Бумынның баласы Исиғи хан қызып барып, оларды тағы қырғынға ұшыратады. Дыншуцзы аз адаммен Батыс Вэй мемлекетіне қашып барып, паналайды.

Жужан хандығы жойылғанмен, оның халқы жойылған жоқ. Олар кейін он оқ халқының құрамына енді. Осы он оқ халқының құрамына енген жужандықтарды тарихшылармыз бұл күнде аварлар деп те атап жүр. Ал аварлардың кейін үлкөн хандық құрғаны, олардың Баян ханының Византияны өзіне салық төлеуге мәжбүр еткені белгілі.

ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚАҒАНДАРЫ

БІРІНШІ ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ

1. *Тумынъ* («Күлтегін» ескерткішінде Бумын) — 535—553 жылдар.
2. *Исиги Коло* (Қара Ыстық) — 553—554 жылдар (алты ай ғана қаған болды).
3. *Муюй Кигин* (Муган-хан) — 554—572 жылдар.
4. *Тобо* (Арыстан) — 572—581 жылдар.
5. *Шаболио Найету* (Ел Кюлюг Баға ышбара) — 581—587 жылдар.
6. *Шеху Чулохәу* — 587—588 жылдар.
7. *Дулан Юнүйлюй* (Оңұлық) — 588—600 жылдар.
8. *Бугя Дату* (Қара Жұрын Түрік) — 600—608 жылдар.
9. *Шиби Дуги* — 608—619 жылдар.
10. *Чуло* — 619—620 жылдар.
11. *Хели Дуби* — 620—634 жылдар.
12. *Тули* — 634—639 жылдар.
13. *Иминишу Сылиби Сымо* — 639—644 жылдар.
14. *Чеби* — 644—647 жылдар.
15. *Нишиуфу* — 679—680 жылдар.
16. *Фунян* — 680—682 жылдар.

Түріктерді қытай тарихы түгю деген атпен береді. Г. Ховорстың түсіндіруіне қарағанда, түгю — «арсыз иттер» деген мағына беретін көрінеді. Ата тегіміздің бастауында тұрған бір халықты әлі күнге төл атын білмей, «хүннү» деп қытайша атап жүргеніміздей, көне түріктерді де осынау қорлық атаумен «түгю» деп кете беруіміз кәдік еді. Әйтеуір Орталық Азиядағы Орхон өзені бойынан XVIII-ғасырдың басында тасқа қашалған құпия жазулар табылып, абырай болды. Арада ғасырға жуық уақыт өткенде Данияғалымы, Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедарасының профессоры Вильгельм Томсен осы құпия жазудың кілтін тауып, сол арқылы қытайдың «түгю» деп жүргендерінің кәдімгі түпкі тегіміз түрік халқы екенін білдік. Ал бұл түгю-түріктер — хүннудың Ашина деп аталатын бір бұтағы еді. Сондықтан ғылыми еңбектерде оларды Ашина-түріктер деп те атайды.

Көне түріктер тарихқа 535-жылдан, Жужан хандығының темір өндіретін бажағы болып тұрған кезінен белгілі. Бұл кезде олар хандық болатын. Билікке таласып, әрқай-

сысы біріншілікке ұмтылған қытайдың Батыс патшалығы (Батыс Вэй) мен Шығыс патшалығы (Шығыс Вэй) Жужан хандығын аттап өтіп, оның бажағы түріктеге арнағы елши жіберуі осының толық дәлелі.

Бумын қаған бастаған түріктеге 552-жылы Жужан хандығын басып алғаннан кейін барып, тарихқа әйгілі Түрік қағанатының шаңырағын көтерді. Қағанаттың бұдан кейінгі билеушілерінің бәрін қаған деп атады. Рас, қағанат кейін екіге бөлінгенен кейін олардың билеушілерін «хан» дейтін болды. Бірақ соған қарамастан Шығыс Түрік қағанатының да, Батыс Түрік қағанатының да мықты хандары өздерін қаған деп атаған, олар тарихқа да сол қаған деген атпен енген. Мысалы, «Құлтегін» тас жазуында Екінші Шығыс Түрік қағанатының хандары Құтылығты да, Қапағанды да, Түрік Білгені де қаған деп атайды.

Түрік қағанаты 584-жылы («Қазақ ССР тарихында» 603 жыл) Шығыс Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты болып екіге бөлінді.

Екінші Шығыс Түрік қағанаты Бірінші Шығыс Түрік қағанатының орнына шаңырақ көтеріп, соның тікелей мұрагері болды. Осыған байланысты тарихта негізгі Түрік қағанатын Бірінші Шығыс Түрік қағанаты деп атайды. Біз де түсінікті болуы үшін солай алдық. Бірінші Шығыс Түрік қағанаты негізінен Чеби қағанның тұсында қағанат ретінде өмір сүруін тоқтатқан болатын. Қытай империясы бұл кезде қағанаттың жерін бірнеше басқақтыққа бөліп, оған басқақ етіп қытайыланған түріктегі қойды. Сөйтіп елу жыл бойына, қашан Екінші Шығыс Түрік қағанаты шаңырақ көтергенше, түріктеге қытайдың бажағы болып, олардың шекарасын басқа көшпелілерден қорғап, күзетшілік міндетін атқарды. Құлтегін батырдың басына орнатылған ескерткіштегі тас жазудағы «бек ұлдары құл болды, пәк қыздары күң болды» дейтін жолдар, міне, тап осы кездің жағдайын бейнелейді.

683-жылы Екінші Шығыс Түрік қағанаты шаңырақ көтерді. Жұрт Құтылығты ақ киізге отырғызып, Елтеріс («Елтөресі» болу керек. К. С.) деген атпен хан көтерді.

ЕКІНШІ ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ

1. Құтылығ (Гудулу) — 682—691 (Қытай дерегінде 693 жыл. Бұл қате. К. С.) жылдар.
2. Қанаған (Мочжо) — 691—716 жылдар.
3. Білге (Бигя Могилянь) — 716—734 жылдар.
4. Ижан — 734—739 жылдар.
5. Білге Құтылығ (Бигя Гудулу) — 739—741 жылдар.
6. Білге Құтылыстың үлкен баласы, аты белгісіз — 741 жыл (бір ай ғана хан болған).
7. Сюань — 741 жыл.
8. Гуду Шеху — 741—742 жылдар.
9. Озмыш-тегін (Усу-миши) — 742—744 жылдар.
10. Баймәй (Хулунфу) — 744—745 жылдар.

Қытай езгісіне қарсы бас көтерген Фунян бастаған түріктер империя әскері, шекарадан соншалықты ұзап шығып, өздеріне шабуыл жасайды деп күтпегендіктен қапыда қалып, енді бас көтере алмайтындей болып жеңілген еді. Осыдан кейін азаттық аңсаған түріктер тарыдай шашырап, бас сауғалап бет-бетіне кетті.

Міне, тап осы кезде баяғы Хели қағанның үрпагы Құтылығ бек тарих сахнасына шықты. Оның жауынгер серігі де, отаршыларға қарсы құрестің рухтандыруышы да жастайынан Қытайда оқып, сонда білім алған, Қытайдың көрші елдерді іштен ірітіп, жегідей жеп жатқан жегі саясатының қыр-сырын жетік менгерген, өзі ішінде жүріп, империя әскерінің қолданар тактикасы мен стратегиясын жатқа білген даланың дана қарты — Тоңюкок еді. Осынау көреген көсем, дана карттың көмегі арқасында Құтылығ түрік қағанатының құлаған шаңырағын арада елу жыл өткенде қайта көтерді. Сейтіп Шұғай-құзда түріктердің бөрі басы — киелі туы тағы да желбіреді.

Алайда тарихқа Екінші Шығыс Түрік қағанаты деген атпен кірген бұл қағанаттың ғұмыры онша ұзак болған жоқ. Жарты ғасырдан сәл астам уақыт қана өмір сүрді.

Алғашқы үш қағанның тұсында дүркірлей көтеріліп, тәңірегіне түрік қылышының құдіретін танытып үлгірген бұл қағанаттың бұлайша тез құлауына Қытай империясының іштен мұжіп, ірітіп, құрытатын үйренішті жегі құрт саясаты себепші болды. Түрік Білге қағанды сатқын түрік Мейлу бек арқылы у беріп өлтірткен қытай саясаткерлері мұрагерлер арасындағы тақ таласын мейлінше

өрістетуге күш салды. Сол-ақ екен, Білге қағанның ортанышы ұлы Білге Құтылығың таққа отырган кезден бастап ордадан ойран шығып, хан тұқымдары өздерін өздері өлтіруге кірісті. Әуелі анасының тіліне ерген Білге Құтылығтың өзі бүлікті бастап, батыс аймақты басқаратын ағасын өлтірді. Қағанның бұл тірлігінен секем алған шығыс аймақтың билеушісі Пан Құл тегін Білге Құтылығтың ордасына тосын шабуыл жасап, ханның өзін өлтірді де, оның баласын әкесінің орнына таққа отырғызыды. Бұған келіспеген Гуду Шеху іле ордаға басып кіріп, Білге Құтылықтың өзі ұнатпайтын үлкен ұлын өлтіріп, орнына оның інісі Сюаньді хан көтерді. Бірақ көп ұзамай Сюаньді өлтіріп, хан тағын өзі иеленді.

Кеше ғана өздеріне тізе батырып, бажақтықты құшпен мойындаған қағанаттың ішінде болып жатқан мынау қасап қырғынды көріп-біліп отырган басмылдар мен қарлықтар бостандыққа ұмтылар сәттің туғандығын сезіп, екеуі бірікті де, Гуду Шехуға тарпа бассалды. Сөйтіп олар Гуду Шехуды өлтіріп, әрқайсысы өзін ханбыз деп жариялады.

Құлауға бет алған қағанаттың тағына Пан Құл тегіннің баласы Озмыш тегін отырды. Бірақ оның да ғұмыры ұзақ болмады. Бұл жолы басмылдар мен қарлықтарға ұйғырлар қосылып, үш тайпаның біріккен күші хан ордасын талқандап, Озмыш тегінді өлтірді. Бас-аяғы бір жылдай ғана хан болған ағасының орнын Баймэн тегін басты. Ұзамады, бұл да ағасының жолын құшты. Күш алған дүшпандары түріктер арасындағы берекесіздікті пайдаланып, жылға жеткізбей оны да өлтіріп тынды.

Сөйтіп 745-жылы Екінші Шығыс Түрік қағанаты өзінің ел ретіндегі, іргелі мемлекет ретіндегі өмір сүруін тоқтатты.

БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ

1. *Торәмен* (Далобянь, Або-хан, Абруй) — 584—587 жылдар.
2. *Янео тегін* (Нили) — 587—600 жылдар.
3. *Даман* (Нигю, Чуло, Гиесана) — 600—618 жылдар.
4. *Шегүй* — 618—619 жылдар.
5. *Тун жабғу* — 619—627 жылдар.
6. *Мохәду* (Сыби) — 627—630 жылдар.
7. *Сы жабғу* — 630—631 жылдар.
8. *Нишу* (Дулу) — 631—634 жылдар.
9. *Ышбара* (Хилиши) — 634—639 жылдар.
10. *Юйгу шад* (Иби Дулу) — 638—651 жылдар.
11. *Икюйлиши* (Иби) — 639—640 жылдар.
12. *Гяна* (Иби Шаболо Шеху) — 640—641 жылдар.
13. *Иби Шегүй* — 642—650 жылдар.
14. *Ашина Хэлу* (Ышбара) — 650—657 жылдар.
15. *Ашина Мишешы* — 657—662 жылдар.
16. *Ашина Бучжень* — 657—671 жылдар.
17. *Дучжы* (Жошы) — 671—679 жылдар.
18. *Юанькин* (Шычжу) — 662—693 жылдар.
19. *Бөрі шад* (Хусэло) — 671—704 жылдар.
20. *Ашина Суйцзы* — 694—700 жылдар.
21. *Ашина Хянь* — 700—712 жылдар.
22. *Ашина Хуай-Дао* — 704—737 жылдар.
23. *Синь* (Хинь) — 740—744 жылдар.

Түрік қағанатының екіге бөліну кезін «Қазақ ССР тарихы» 603-жыл деп көрсетеді. Бірақ бұл шындыққа келмейтін сияқты. Егер тарихи нақты дерекке жүгінсек, қағанаттың екіге бөлінуі түрік еліне Шаболио қаған болып тұрған кезден басталады. Тақ таласы кезінде бір-біріне жауығып алған Шаболио жоқты сылтау қылып, Торәменнің иелігіне шабуыл жасайды. Содан Торәмен басқа туыстарымен біргіп, Шаболиоға қарсы соғыс жариялады. Міне, осы қанағаттың іс жүзінде екіге бөлінген кезі осы тұс. Бұл 584-жыл болатын. Бұдан кейін қашан Онұлық қаған таққа отырып, Қара Жұрын Түрікпен ортақ тіл тапқанша, тіпті дәлірек айтсақ, Онұлық қаған өліп, бүкіл қағанаттың билігі Қара Жұрын Түріктің қолына жеке тиғенше бұл екі жақ — географиялық-территориялық жағынан да, саяси-экономикалық жағынан да, сыртқы елмен дипломатиялық

байланыс қатынасы жағынан да бір-біріне тәуелсіз, дербес ел ретінде өмір сүрді.

Сондықтан Батыс Түрік қағанатының тарихын «Қазақ ССР тарихы» авторлары көрсеткен 603-жылдан емес, тұра жиырма жылға кейін шегеріп, жаңағы 584-жылдан бастаған дұрыс секілді. Біздің бұл ойымыздың дұрыстығын қытай жылнамаларының Батыс Түрік қағанаты қағандарының тізімін Далобянынан, яғни Торәменнен бастайтындығы да дәлелдей түседі. Торәмен 587-жылы Бұхарада қорлықпен өлтірілді. Демек ол 603-жылы тірілер қатарында жоқ. Олай болса оның бұл кезде Батыс Түрік қағанатына қаған болуы да мүмкін емес.

Тарихта Батыс Түрік қағанатын 744-жылы құлады деп есептейді. Бұл жыл, меніңше, шартты турде айтылған. Шындығында Батыс Түрік қағанаты Ашина Хәлу қаған 656-жылы қытай империясы әскерінің қолбасшысы Су Дин-фанның қүйрей жеңілгеннен кейін қағанат есебінде өмір сүруін тоқтатқан болатын. Бұдан кейінгі жерде Батыс Түрік қағанаты қытай империясының бажағына айналып, жері екі басқақтыққа бөлінді. Оның басына басқақ етіп, бұрынғы қағандар тұқымының Қытайда оқып, тәрбие алған, бір сөзben айтқанда, бар болмысымен қытайланып кеткен ұрпақтарын қойды. Фылымда бұларды «куыршақ қағандар» деп атайды. Олар қытай әкімшілігінің айтқанын бұлжытпай орындал, солардың қас-қабағын бағумен күн кешті.

Мұндай куыршақ қағандар кестеде Ашина Мише мен Ашина Бучженънен басталады. Осылардың ішіндегі тек Бучженънен кейін қаған тағына отырған Дучжығана бұрынғы аталарының жолын қуып, елді бостандыққа шығаруға, империя езгісінен құтылуға ұмтылған еді. Бірақ ол ойлаған мақсатына жете алмады. Қытай саясаткерлері оны алдаң қолға түсіріп, тұқымымен құртып жіберді. Бұдан кейінгі қағандар арасында қытай әкімшілігі түшкірсе, «жәр-әкімлассын» айтып, солардың аузын бағып, жалпақ қағып, жалпаңдаудан басқа әрекетке барған ешкім болған жоқ. Олардың балалары Түрік қағанаты құлағаннан кейін Қытайға қашып барып, соның әскер басысы болып кетті.

ҰЙЫР ҚАҒАНАТЫНЫң ҚАҒАНДАРЫ

1. Гули Пэйло — 742—745 жылдар.
2. Моянъчжо (Мойын-чор) — 745—759 жылдар.
3. Идигань — 759—780 жылдар.
4. Хэгу Дулу Бигя — 780—789 жылдар.
5. Пангуан — 789—791 жылдар.
6. Фын-чен — 791—795 жылдар.
7. Гудулу (Хуай-синь) — 795—805 жылдар.
8. Гюйлу Бигя — 805—809 жылдар.
9. Бао-и — 809—821 жылдар.
10. Чун-дэ — 821—824 жылдар.
11. Чжао-ли — 824—832 жылдар.
12. Ху Дэлэ — 832—838 жылдар
13. Чжань-синь — 838—839 жылдар.
14. Кэси Дэлэ — 839—840 жылдар.
15. Угие Дэлэ — 841—846 жылдар.
16. Энянь Дэлэ — 846—847 жылдар.

Ұйырлар қытай дерегі бойынша хуннулардың бір тар-
магы деп есептелінеді. Қытайша аты — Хойху. Бұл
кейін берілген атау. Оларды бұрын «Уху», «Ухә» деп, одан
соң Суй әuletінің кезінде «Вэйгэ» деп атаған. Хойхулар
он бес тайпадан тұрады. Олардың қытайша атаулары:
юаньгә, сіеяньто, кибиюй, дубо, гулигань, доланьгә, пугу,
баегу, тунло, хунь, сыгие, хусие, адие, байси.

Көне үйырлар алғаш өз алдына жеке хандық құрған-
да оларды қытайлар Иологә деп атады. Осы хандықтың
алғашқы ханы Шығянь (қытайша аты) деген кісі еді.
Оның үлкен баласы Пуса ересен батыр болған, жауға шап-
қанда артындағы әскерін күтпей жалғыз өзі кіріспі, қыра
береді екен. Кей деректерде оның есімін Жошы деп те
атайды. Шыңғыс хан өзінің тұңғышына осы Жошы батыр-
дың есімін берді деген де сөз бар.

Пуса-Жошы өлгеннен кейін оның орнына Хулу
Сылифа Тумиду хан болады. Бірақ оны көп ұзамай әйелімен
көңілдес болған ағасының баласы Угә ханның әскер басысы
Гюйгу Мохә Даған деген біреумен бірігіп, опасыздықпен
өлтіреді. Сейтіп өзі оның орнына хан болады. Алайда бұл
да көп ұзамайды. Янъжан басқағының бастығы оны алдап
шақырып алып, қолға түсіріп, басын шабады.

Опасыздық жолмен билікке келген Угә осылайша өзі де
опасыздық орына жыбылады.

Бұдан кейін халық Тумидудің баласы Пожуньді хан көтереді. Ол өлгөн соң хандықтың билігін оның баласы Били алады. Бұл кезде үйғырлар қытай империясының бажағы болатын.

Билидің баласы Дугаяйчжи таққа отырған кезде үйғырларды Шығыс Түрік қағанатының қағаны Қапаған жаулап алды. Содан олар Шығыс Түрік қағанаты құлағанша соның құрамында болды.

Шығыс Түрік қағанатының құлауына ішкі қырқысты пайдаланып, үштік одақ құрған — басмыл, үйғыр және қарлық бектері елеулі ықпал жасайды. Бірақ қағанатты құлатуда бірлік танытқан бұл одақ кейін шешуші сәтке келгенде іштей ыдырап, әрқайсысы өз мұддесін көздең кетеді. Үйғыр begі Гули Пэйло одақтастарына опасыздық жасап, әуелі басмылдың идықұты И-сидің ордасына тосын шабуыл жасап, оны өлтіреді. Содан кейін Түрік қағанатының қағаны Баймәйдің ордасын шауып, оны да өлтіреді. Баймәйдің басын кесіп алғып, қытай императорының сарайына, Чанъянға жібереді.

Бұдан кейін ол Шығыс Түрік қағанатының бос қалған тағына өзі отырып, үйғыр қағанатының шаңырағын көтереді. Біздің үйғыр қағанаты қағандарының кестесін хандықтың негізін қалаған Шығяньнан бастамай, Пэйлодан бастауымыздың себебі де осыдан.

Осы арада бір айта кетер мәселе — үйғыр қағанаты деңгендегі бүгінгі түсінікпен пайымдау дұрыс болмайды. Өйткені көне Үйғыр қағанатының құрамында қазіргі қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың біразының болғаны белгілі. Мысалы, үйғыр қағанатының құрамындағы он бес тайпаның бірі — сиаянъто түгелдей қыпшақтар болатын. 1182-жылы Жайық бойынан Хорезм жеріне келетін ұран қыпшақтар да осы сиаянъто бірлестігінің бір тармағы. Бұларды көне шығармаларда «үйғыр ұлдары» («сыновья югров») дейтіні де содан.

Қырғыздардың ажосы (ханы) IX-ғасырдың ортасында жетпіс мың әскермен келіп, үйғырлардың тас-талқанын шығарып, ата қонысынан қуып шықты. Міне, осы жеңілістен кейін үйғыр қағанаты өзінің қағанат ретінде өмір сүруін тоқтатты.

ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫНЫң ҚАҒАНДАРЫ

1. Учжилә (Үшлік, Үш-елік) — 701—708 жылдар.
2. Согэ (Сақал) — 708—711 жылдар.
3. Чеби Шичжо Сулу (Сұлық) — 711—738 жылдар.
4. Тухосянь — 738—739 жылдар.
5. Мөхә Даған — 739—742 жылдар.
6. Илиди Миши Гудулу Бигя (Құттығ білге) — 742—753 жылдар.
7. Дынли Ило Миши — 753—756 жылдар.
8. Адопэло Юнын — 756—766 жылдар.

Батыс Түрік қағанатының куыршақ қағандарының бірі, қытайланып кеткен түрік Хусэлоның (Бөрі шадтың) кезінде оның қарауында Баға тархан қызметін атқаратын түргеш тайпасының бегі Учжилә шоқынды қағанның өз халқына деген мейрімсіз қаталдығынан мез болып, одан қашқан жүрттың бәрінің басын біріктіріп, Суяб қаласының төнірергіне топтастыра бастайды. Бірте-бірте жиналған ел көбейіп, олар өзара 20 тұтқітікке бөлініп, әрқайсысы жеті мың әскер шығара алатын дәрежеге жетеді.

Осы кезде Екінші Шығыс Түрік қағанатының қағаны Қапаған Батыс Түрік қағанатының қағаны Хусэломен соғысып, оның тас-талқанын шығарады. Осыны пайдаланған Учжилә бұрынғы Батыс Түрік қағанатының жерін түгел жауап алыш, Түргеш қағанатының шаңырағын көтереді.

Учжилә өлгеннен кейін таққа отырған Согэнің кезінде түргештер екіге бөлініп, біріне Согэ, екіншісіне чеби тайпасының көсемі Сулу билік жүргізеді. Согэге бағынған ел «сары түргештер», Сулуға бағынған ел «қара түргештер» деп аталады. Согэ өлгеннен кейін бар билік Сулудың қолына көшті. Бұл кезде Түргеш қағанаты айтарлықтай күшейді. Сыртқы саясатта үлкен көрегендік танытқан Сулу сол кездегі мықты көршілері Шығыс Түрік қағанатымен де, Тан империясымен де, Тибет патшалығымен де жақсы қатынас орнатып, үш бірдей мықтыға күйеу бала болып шыға келеді. Сондай-ақ ол батысында женіліссіз келе жатқан араб әскерінің бетін қайтарып, оларды Сырдариядан әрі ысырып тастайды.

Осылай дүркіреп өрлеп келе жатқан қағанат Сулу өлгеннен кейін іштей ыдырап, қара түргештер мен сары түргештер өздері қалаған адамды қаған сайлап алыш, өзара қырқысумен болады. Осының салдарынан 766-жылы қағанат құлайды.

ҚАРАХАНДАР МЕМЛЕКЕТИНІҢ ХАНДАРЫ

1. *Али ибн Мұса* — 660—698 жылдар.
2. *Ахмед I Арслан Қара-хан* (Тоған-хан) — 698—1015 жылдар.
3. *Мансур Арслан* — 1015—1024 жылдар.
4. *Ахмед II Тоған-хан* — 1024—1026 жылдар.
5. *Жүсін I Қадыр-хан* — 1026—1032 жылдар.

Лауазым атында «қара» деген сөздің болуына байланысты бұл мемлекетті билеушілердің әuletін тарихшылар «қарахандар әuletі», яғни «қараханидтер» деп атайды. Орыстың шығыстану ғылымина бұл терминді кіргізуши — В. В. Григорьев. Оның түсіндіруінде, қара «құдыретті», ал В. В. Бартольтың айтуынша «басты», «ұлы» деген мағына береді. Ортағасырлық жазба деректерде Қарахан мемлекетінің билеушілерін «мулук әл-хаканий», «әл-и афрасиаб», «алп-тонга», «илиг» деп атаушылық та кездеседі.

Қарахан мемлекетінің құрылуы Қарлық қағанатының ыдырауымен тікелей байланысты. Тарихи әдебиеттерде қарахандардың шығуы жөнінде әр түрлі пікірлер айтылады. Солардың ішінде қарахан мемлекетінің тарихын зерттеуде үлкен еңбек сінірген О. Прицактың пікіріне қарағанда, қарахандар әuletі негізінен екі тайпалар бірлестігінен — чигилдер мен яғмалардан құралғанға ұқсайды. Ал бұлар қарлық конфедерациясының тайпалары екені белгілі.

Тарихи деректер арқылы біз Қарлық қағанатының қағаны Білге Күл (Қадыр хан) өлгеннен кейін, оның артында қалған екі баласы Базыр Арслан мен Оғулшак

¹ Мұндағы Қарахандар әuletінің кестесі Манчестер университетінің профессоры К. Э. Босворттың «Мұсылмандар әuletі» атты кітабынан алынды. Өзінің алдында мұсылмандар әuletінің кестесін жасаган С. Лэн — Пуль, Э. Цамбаур секілді К. Э. Босворт та араб жағушыларының деректерін пайдаланған. Сондыктan кестеде билеушілердің төл аты емес, мұсылмандық есімдері берілген. Мысалы, Қарахандар мемлекетінің негізін қалаушы деп есептелінетін Сатұқ Богра-ханды араб тарихшылары Абд ал-Керім деп атайды. Өкінішке қарай, мұны түзетуге кейінгі табылған нумизматикалық (тенгелерге жазылған жазу) материалдарда да олардың есімдері арабша берілген. Мұны Батыс қағанаттың хандарының кестесінде Ибраһим ханнан кейін нумизматикалық материалдар негізінде Е. А. Да-видович берген деректегі хандар есімінен де анық көруге болады.

арасында тақ таласы басталғанын білеміз. Осы тартыста Өфүлшақтың немере інісі Сатұқ Богра-хан ерекше көзге түседі. Ол кейін Өфүлшақтың өзіне қарсы шығып, Тараз бен Қашғарды одан тартып алады. 942-жылы ол Бала-сағұн билеушісін құлатып, өзін қаған деп жариялады. Тарихшылар Қарахан мемлекетінің негізін қалаушы деп осы Сатұқ Богра-ханды есептейді. Бірақ Сатұқ Богра-ханның есімі жоғарыдағы кестеде жоқ. Кесте осы Сатұқ Богра-хан өлгеннен кейін билік тізгінін қолға алған оның баласы Мұсадан басталады. Бұған себеп кестедегі деректердің негізінен араб жазушыларының болғандығы ма дейміз. Өйткені арабтар Мұсаны 960-жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялауында жатса керек.

1041-жылы Қарахан мемлекеті екіге бөлінді. Ал XII-ғасырдың бірінші жартысында іс жүзінде тарих сахнасынан шығып қалды.

а) БАТЫС ҚАҒАНАТ¹

1. *Мұхаммед Аин ад-даула* — 1041—1052 жылдар.
2. *Ибраһим I Бөрі тегін (Тамгач-хан)* — 1052—1068 жылдар..
3. *Насыр I* — 1068—1080 жылдар.
4. *Хизр* — 1080—1081 жылдар.
5. *Ахмед I* — 1081—1089 жылдар.
6. *Жақып* — 1089—1095 жылдар.
7. *Масқұт I* — 1095—1097 жылдар
8. *Сүлеймен* — 1097 жыл.
9. *Махмұт I* — 1097—1099 жылдар.
10. *Жабраил* — 1099—1102 жылдар.
11. *Мұхаммед II* — 1102—1129 жылдар.
12. *Насыр II* — 1129 жыл.
13. *Ахмед* — 1129—1130 жылдар.
14. *Хасан* — 1130—1132 жылдар.
15. *Ибраһим II* — 1132 жыл.
16. *Махмұт II* — 1132—1141 жылдар.
17. *Ибраһим III* — 1141—1156 жылдар.
18. *Әли ибн Хасан* — 1156—1163 жылдар.
19. *Масқұт ибн Әли* — 1163—1168 жылдар.
20. *Насыр ибн Ҳұсайын* — 1168—1173 жылдар.
21. *Мұхаммед ибн Масқұт* — 1173—1179 жылдар.
22. *Ибраһим ибн Ҳұсайын* — 1179—1204 жылдар.
23. *Оспан* — 1204—1212 жылдар.

¹ Кесте К. Э. Басворттан алынды.

Қарақан мемлекетінің саяси тарихы ол өмір сүрген алғашқы жылдардың өзінде-ақ негізінен ықпалды екі үрпақтың Әли Арслан хан мен Хасан (Харун) Богра ханның арасындағы соғысқа толы болды. Билік таласында әуелі Әли үрпағы өз ықпалын жүргізе бастады. Бірақ кейін Хасан үрпағы үстемдік алды. Осындай алма-кезек арпалыс нәтижесінде Каражан мемлекеті 1041-жылы дербес екі қағанатқа бөлінді. Олар Батыс қағанаты және Шығыс қағанаты деп аталды.

Батыс қағанаттың билігі Әли үрпағының қолында болды. Олар Маураннахрды және Ферғананың батыс бөлөгін Ходжентке дейін иеленді. Астанасы Үзкент қаласы болды. Кейін Ибраһим Богра-хан астанасын Үзкенттен Самарқандқа көшірді.

Батыс қағанат Селжүк сұлтаны Мәлік-шах жаулап алғаннан кейін дербестігінен айырылып, селжүқтардың бажағына айналды. Кейін селжүк сұлтаны Санжарды Катван даласындағы 1141-жылы болған қырғын соғыста Солтүстік Қытайдан келген қара қытайлар жеңген соң, Батыс қағанат осы қара қытайлардың қарауына көшті. Бірақ жаңа билеушіге мойынсұнғысы келмеген батыс қағанаттықтар азаттығы үшін алысып, көп ұзамай тәуелсіздікке ие болды.

Батыс қағанаттың бұл тәуелсіздігі де ұзаққа барған жоқ. Оларды 1211-жылы Мұхаммед Хорезм шах жаулап алды. Бұдан кейінгі жерде олардың қайта бас көтеруіне мүмкіндік болмады. Осы кезде шығыстан қарақұрттай қаптап моңғол шапқыншылары келе жатты.

б) ШЫҒЫС ҚАҒАНАТ

1. Сүлеймен — 1032—1059 жылдар.
2. Мұхаммед I — 1056—1057 жылдар.
3. Ибраһим I — 1057—1059 жылдар.
4. Махмұт — 1059—1074 жылдар.
5. Омар — 1074—1075 жылдар.
6. Хасан (Харун) — 1075—1103 жылдар.
7. Ахмет — 1103—1128 жылдар.
8. Ибраһим I — 1128—1158 жылдар.
9. Мұхаммед II — 1158—1163 жылдар.
10. Жүсін II — 1163—1211 жылдар.
11. Мұхаммед III — 1211 жыл.

Шығыс қағанат билігінде Хасан үрпағы отырды. Олар Галас пен Исфиджабқа, Шашқа, Ферғананың шығыс бөлегіне, сондай-ақ Жетісу мен Қашғарияға иелік етті. Қағанаттың астанасы — Баласағұн қаласы еді. Алайда оның негізгі діни және мәдени орталығы Кашғарияда болды.

Шығыс қағанат өз алдына жеке бөлініп шыққаннан кейін де ішкі қырқыс тоқталмады. Енді билікке талас Хасан үрпақтарының өз арасында өрбіді. Ал бұл қағанат күшінің әлсіреуіне әкеп соқты. Соның салдарынан бұл қағанат та селжүктардың бажағына айналды. Шығысқағанаттықтардың бұдан кейінгі тағдыры да өздерінің туысқандары батысқағанаттықтарға үқсап жатты. Бар айырмашылығы — бұларды Мұхаммед Хорезмшах емес, Шыңғыс ханнан жеңіліп, батысқа қарай қашқан найманың Күшлік ханы жаулап алып, азғана үақыт билеп тұрды.

АЛТЫН ОРДА ХАНДАРЫ¹

1. *Бату* — 1227—1255 жылдар.
2. *Сартак* — 1255—1256 жылдар.
3. *Улагчи* — 1256—1257 жылдар.
4. *Берке* — 1257—1267 жылдар.
5. *Мөңке-Темір* — 1267—1280 жылдар.
6. *Төде-Мөңке* — 1280—1287 жылдар.
7. *Төле-Бука* — 1287—1290 жылдар.
8. *Гияс ад-дин Токта (Тоқтай)* — 1290—1312 жылдар.
9. *Гияс ад-дин Мұхаммед Өзбек* — 1312—1341 жылдар.
10. *Тыныбек* — 1341 жыл.
11. *Жәнібек* — 1341—1357 жылдар.
12. *Бердібек* — 1357—1380 жылдар.
13. *Құлла* — 1357—1380 жылдар.
14. *Наурыз-бек Мұхаммед* — 1357—1380 жылдар.

Салыстырмалы түрде алғанда, аз ғана мерзім ішінде оңтүстігінде Солтүстік Иран, терістігінде Оңтүстік Орыс жерін, батысында Кавказ, шығысында Қытайды жаулап алғып, үлкен империя құрган Шығыс хан осы ұланғайыр байтақ өлкені иелігінде тұрақты ұстап тұру үшін оны өзінің төрт ұлына бөліп, еншілеп берді. Сонда Ертістен батысқа қарай Жетісудың теріскей бөлегін қамти отырып, Төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса бүкіл Дешті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) үлкен ұлы Жошының үлесіне тиген болатын.

1227 жылы Жошы қайтыс болды да, оның орнын баласы Бату басты.

Ол таққа отырысымен Қарақорымда өткен монгол ақсүйектерінің бас қосқан құрылтайының шешімімен Шығыс Европаны жаулауға аттанады. Содан Еділ болгарларын, орыс князьдерін талқандап, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдовияны, Валахияны, Трансильванияны ойрандап, Адриат теңізінің жағасына ат басын тіреген Бату хан 1242-жылы өзінің ордасы орнаған Еділдің сағасына қайтып оралды. Мұнда ол тарихқа «Алтын Орда» деген атпен танылған жаңа монгол мемлекетін құрады. Алтын Орда хандарының кестесінің Бату ханнан басталу себебі де осыдан.

Алтын Орда кейін Ақ орда, Кек Орда болып екіге бөлінді. «Қазақ ССР тарихының» дерегі бойынша «XIV ғасырдың

¹ К. Э. Босворт кестесінен алынды.

басында Еділ бойы даласын, одан батысқа қарайғы өнірлерді, Қырымды, Солтүстік Кавказды және Хорезмнің солтүстік жағын қамтыған Жошы әулетінің иеліктерінің батыс бөлегі (оң қанаты) бұрынғысынша Алтын Орданы құрайтын; қазіргі заманғы Қазақстанның Жайық өзенінен шығысқа қарайғы және Арап теңізі мен Сырдариядан солтүстікке қарайғы ұланбайтақ жерін (Жетісуды қоспағанда) алып жатқан Жошы ұлысының шығыс бөлегі (сол қанаты) Ақ Орданың құрамына енді. Алтын Ордада негізінен Тоқа-Темірдің ұрпақтары, Ақ Ордада (дұрысы Кек Орда. К. С.) Орда-Еженнің ұрпақтары билік жүргізді», — дедінген. Бұдан байқайтынымыз — Кек Орда (дұрысы Ақ Орда) мен Алтын Орда бір үфымда.

Осы арада бір ескерер жай, бұл бөліністерді әлгі ордалардың өз алдына жеке дербес тәуелсіз хандық болған кезі деп түсіну керек. Әйтпесе Ақ Орда бір орталыққа бағынған жеке иелік ретінде сонау Жошы заманынан бар. Ақ Орда хандарының атасы — Жошының баласы, Бату ханының бауыры Орда-Ежен хан тағына 1226-жылы отырған. Ол кезде Жошы тірі болатын. Егер бұл кезде Ақ Орда жеке хандық болмаса, онда оның ханы да болмас еді, Орда-Ежен таққа отырмас та еді. Бұдан Жошы ұлысы Бату құрған Алтын Ордаға дейін-ақ Ақ Орда, Кек Орда болып екіге бөлініп, бірақ екеуі де бір орталыққа бағынып, қатар өмір сүрген деген қорытынды шығаруға болады. Бату батыс елдеріне жасаған жорығынан жеңіспен оралғаннан кейін осы екі орданы әкімшілік жағынан біріктіріп, 1242-жылы Алтын Орда мемлекетін құрған дейміз.

Міне, сондықтан Алтын Орда екіге бөлінді дегенде кейінгі Ақ Орданың тәуелсіздік алып, Алтын Ордаға бағынбай кеткен кезі деп айтамыз. Бұл белінү парсы тарихшысы Му'ин ад-дин Натанзидің жазуына қарағанда, Алтын Орданың ханы Тоқтаның тұсында болған секілді. Ал оның хандық құрған кезі 1290 мен 1312-жылдардың аралығы. Демек, Ақ Орданың Алтын Ордаға бағынбайтын дербес жеке хандық құрған кезін осы жылдардан бастау керек. Мұны Өзбек ханының Орда-Ежен балаларын бұрынғы тәуелділік қалпына келтіру үшін баласы Тыныбекті зорлықпен оларға хан қоятыны да дәлелдейді. Алайда Тыныбек көп кешікпей өлтіріліп, Орда-Ежен балалары билікті өз қолдарына қайтарып алды.

ҚӨК ОРДА ХАНДАРЫ¹

1. *Орда-Ежен* — 1226—1280 жылдар.
2. *Көшиу* — 1280—1302 жылдар.
3. *Баян* — 1302—1309 жылдар.
4. *Сасы-Бұқа* — 1309—1315 жылдар.
5. *Ильбасан* — 1315—1320 жылдар.
6. *Мұбарәк қожа* (Эрзен. Қ. С.) — 1320—1344 жылдар.
7. *Шымтай* — 1344—1361 жылдар.
8. *Орыс (Өріс)* — 1361—1375 жылдар.
9. *Тоқтақия* — 1375 жыл.
10. *Темір-Мәлік* — 1375—1376 жылдар.
11. *Тоқтамыс* — 1376—1395 жылдар.
12. *Темір Құтылығ* — 1395—1401 жылдар.
13. *Шәдібек* — 1401—1407 жылдар.
14. *Болат* — 1407—1410 жылдар.
15. *Темір* — 1410—1412 жылдар.
16. *Жалеладдин* — 1412 жыл.
17. *Кәрімберді* — 1412—1414 жылдар.
18. *Кебек* — 1414—1417 жылдар.
19. *Жаппарберді* — 1417—1419 жылдар.
20. *Ұлығ-Мұхаммед* — 1419—1420 жылдар.
21. *Дәүлетберді* — 1420—1422 жылдар.
22. *Барақ* — 1422—1427 жылдар.
23. *Ұлығ-Мұхаммед* (екінші рет) — 1427—1433 жылдар.
24. *Сайд-Ахмет* — 1433—1435 жылдар.
25. *Кішік-Мұхаммед* — 1435—1465 жылдар.
26. *Ахмет* — 1465—1481 жылдар.
27. *Шаих-Ахмет* — 1481 жыл.
28. *Сайд-Ахмет II* — 1481—1502 жылдар.
29. *Мұртаза* — 1502 жыл.

Көк Орда, Ақ Орда атауларының мәнін ашып, ажыратып қолданбау салдарынан Ақ Орданың орнына Көк Орда, керісінше Көк Орданың орнына Ақ Орда аталаپ, басқаны Қойғанда, академиялық шығармалардың өзіне солай кіріп кеткен. Біздің «Қазақ ССР тарихында» да солай. Ал шын мәнінде Орда-Ежен ұрпақтарының иелігі Ақ Орда емес, Көк Орда болуы керек те, Бату ұрпақтарының иелігі Көк Орда емес, Ақ Орда болуы тиіс. Тұпнұсқа материалдардың негізіне сүйене отырып, ой түйген бірқатар зерттеушілер, атап айтқанда, М. Г. Сафарғалиев, Т. И. Сұлтанов, Т. А. Федоров-Давыдов, міне, тап осындай қорытындыға

¹ К. Э. Босворт кестесінен алғынды.

келеді. Тарихшы В. Г. Егоров «Алтын Орданың мемлекеттік және әкімшілік құрылымы» деген еңбегінде «Алтын Орда қашаннан да Ақ Орда деп аталған» деп кесіп айтады. Сондай-ақ орыс жылнамалары (Новгород және Никонов жылнамалары) да қазіргі Көк Орда деп жүргенімізді — «Еділ ордасы, ал Ақ Орданы Көк немесе Жайықтың сыртындағы Орда (Заяйцкой) деп атайды. Амал не, осындағы нақты дәлелдермен негізделгеніне қарамастан қазақстандық ғалымдар сонау бір кезде Му'ин ад-дин Натаңзидің еңбегінде кетіп қалған қателікті түзетуге мән бермей Көк Орданы Ақ Орда деп көрсетуден танбай келеді. Тіпті бұлардың бәрін теріс дегендегенде бүкіл түрік текстес халықтардың шығыс жақты ешқашанда «ак» деп атамайтынына, тек «кеқ» деп айтатынына назар аударуға болады гой. Ал қазақстандық ғалымдардың «Ақ Орда» деп айырылмай жүрген ордасы Алтын Орданың батысында емес, шығысында жатыр емес пе?!

Көк Орда Тоқтамыс ханың тұсында Ақ Ордамен қайта бірігіп, Алтын Орда қайта күшіне бастады. Бірақ Тоқтамыс пен Темірдің, Тоқтамыс пен маңғыт біi Едігенің арасындағы тынымсыз қақтығыс Алтын Орданың бұрынғы құдьыретіне көтерілуге мүмкіндік бермегі. Ал 1395-жылы Тоқтамыстың Темірден күйрей женілуйен кейін Алтын Орда қуаты кеміп, екінші дәрежелі мемлекет болып қалды.

Темір Алтын Орда тағына Тоқа-Темір әuletінен Темір Құтылыстың отырғызды. Бірақ бұл кезде ел билігі негізінен Едігенің (1396—1411-жылдар) қолында болды.

1419-жылы Едіге өлгеннен кейін Алтын Орда бұрынғыдан да құлдырай түсті. Ал XV-ғасырдың ортасында біржола ыдырап тынды. Оның бұрынғы территориясында Қазан, Астрахан, Қырым хандықтары пайда болды, Хорезм Темір әuletінің қарауына көшті.

Темірмен соғысудың және тынымсыз ішкі қырқыстың салдарынан Көк Орда да әлсіреді. Оның басты қаласы Сығанакпен қоса Сырдарияның орта ағысындағы аудандарды Темір әuletі басып алды.

1420-жылы Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік Жошының кіші ұлы Шайбанның (Шыбын, Сыбан) үрпактарының қолына көшті. Олар Барак өлген соң Көк Орданың жерінің денін жауап алды. Билік жүргізуши жаңа әuletтің басында Дәүлет-Шаих оғлан баласы Әбілхайыр хан тұрды.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ХАНДАРЫ

1. *Керей* — шамамен 1456—1473 жылдар.
2. *Жәнібек* — 1473—1480 жылдар.
3. *Бұрындық* — 1480—1511 жылдар.
4. *Қасым* — 1511—1518 жылдар.
5. *Мамаш* — 1518—1523 жылдар.
6. *Тайир* — 1523—1533 жылдар.
7. *Бүйдаш* — 1533—1534 жылдар.
8. *Қожа Мақмұт* — 1534—1535 жылдар.
9. *Тогым* — 1535—1537 жылдар.
10. *Хақназар* — 1538—1580 жылдар.
11. *Шығай* — 1580—1582 жылдар.
12. *Тәуекел* — 1582—1598 жылдар.
13. *Есім* — 1598—1628 (1645) жылдар.
14. *Жәңгір* (Салқам Жәңгір) — 1628 (1645)—1652 (1680) жылдар.
15. *Тәуке* — 1680—1718 жылдар.
16. *Батыр* — 1718—1726 (1729) жылдар.

КІШІ ЖҰЗ ХАНДАРЫ

17. *Әбілқайыр* — 1718—1748 жылдар.
18. *Нұралы* — 1748—1786 жылдар.
19. *Ералы* — 1791—1794 жылдар.
20. *Есім* — 1795—1797 жылдар.
21. *Айшуақ* — 1797—1805 жылдар.
22. *Шерғазы* — 1805—1824 жылдар.

Патша өкіметінің 1801 жылғы 11 наурыздағы жарлығы бойынша Кіші жұз екі иелікке бөлінді.

ЖАҢАДАН ШШКІ ОРДА НЕМЕСЕ БӨКЕЙ ОРДАСЫ ҚҰРЫЛДЫ.

23. *Бөкей* — 1801—1815 жылдар.
24. *Шығай* — 1815—1823 жылдар.
25. *Жәңгір* — 1823—1845 жылдар.

ОРТА ЖҰЗ ХАНДАРЫ

26. *Қайып* — 1716—1719 жылдар.
27. *Сәмеке* — 1719—1734 жылдар.
28. *Әбілмәмбет* — 1734—1771 жылдар.
29. *Абылай* — 1771—1781 жылдар.

30. Уәлі — 1781—1819 жылдар.

Патша өкіметі Орта жүзде халықтың көбеюіне байланысты, ері айтқанына көніп, айдағанына жүрмеген Уәлі ханды кемсіту мақсатында 1815 жылы екінші хандық ұйымдастырды.

31. Бекей — 1815—1819 жылдар.

* * *

32. Кенесары — 1841—1847 жылдар.

Шайбан (Шабан, Сыбан) әuletінен шыққан Даулет-шаштың баласы Әбілхайырдың Кек-Кесене төңірегіндегі Үз-Темір-тайшы басқарған ойрат әскерінен ойсырай жеңілуі жеке билікке үмтүлған Жошы әuletі сұltандарының бас көтеруіне мүмкіндік берді. Осыны пайдаланған Орыс (Өріс) ханның ұрпағы Керей мен Жәнібек сұltандар өздеріне қараған елмен Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моголстанға кетеді. Онда оларды Моголстан ханы Исаң-Бұға хан аса құрметпен қабылдап, өз иелігінің батыс жағынан Шу бойы мен Қозыбасы өңірін бөліп береді. Осы арада олар кейін өз алдарына жеке Қазақ хандығының шаңырағын көтереді. Керей хан тағына отырады.

Нақтылық үшін осы ретте айта кетер бір мәселе, қазіргі кейбір шығармаларда Керей мен Жәнібекті Барактың бала-лары деп жүр. Бұл дұрыс емес. Сондықтан олардың шежіресін тарата кетелік.

Орыс ханнан жеті ұл, бес қызы туады. Сол жеті ұлдың үлкені — Тоқтакия да, екіншісі — Құтылығ-Бұқа. Осының Тоқтакиясынан Болат, одан Керей. Ал Құтылығ — Бұқадан Құтуужак, одан Барак (кей деректе Құйыршық), одан Жәнібек. Сонда Керей Орыс ханның шөбересі, ал Жәнібек шөпшегі болып келеді.

Қазақ хандығы Әбілхайыр өлгеннен кейін, оның хандығындағы жұрттың Керей мен Жәнібекке көтеп келіп қосылуы нәтижесінде едәуір күшіне түсті. Ал Қасым ханның тұсында хандықтың территориясы айтарлықтай ұл-файып, қазақтар дербес ел ретінде Шығыс Европага мәлім болды. Москва мемлекетімен дипломатиялық қатынас орнattты. «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын ел басқару ісінде қолданылатын әдет-ғұрып заңдарының ережелерін енгізді. Дегенмен Қасым хан тұсында Қазақ хандығы орталықтанған ірі мемлекет бола қоймады. Мұның өзі Қасым хан өлгеннен кейін бірден байқалды Хандықта

білік таласы басталды. Жиырма жылға жетпейтін уақы ішінде бірнеше хан орын ауыстырыды.

Іштей ыдырап, құлауға айналған Қазақ хандығы Қасым ұлы Ҳақназар билік тізгінің колға алғаннан кейін ғана түзеліп, қалпына келтірілді. Оған Жайықтың сол жағалауындағы көшпелі ру-тайпалар, ұлыстар бағынды. Оның тұсында Жетісуды басып алуды көздеген Моголстан ханы Ад ар-Рашидке қарсы құрес жүргізілді. Ҳақназар осы Моголстан ханымен болған соғыстағы сәтсіздікке қарамастан ойраттардың жорықтарына тойтарыс беріп, Жетісудың батыс бөлегін тұтастай өз билігінде ұстады.

Ҳақназардан кейін таққа отырған Шығай хан пәлендей қабілеттілік таныта алмады. Хан болғанына екі жыл толар tolmaста оны Маураннахра қуып жіберді. Шығайдың орнын басқан Тәуекел хан кезінде Қазақ хандығы жаңа саяси өрлеу жолына түсті. Орта Азияның сауда орталықтарына шығу жолындағы құрес саясатын жағластырыды. Сырдария бойындағы қалалар мен Ташкентті алды. Бұқарды қоршауға алғанда жарапанып, ол содан қайтыс болды.

Хан тағына ҳалық арасында Еңсегей бойлы Ер Есім атанған оның батыр інісі Есім отырды. Ол Бұқармен бітім шартын жасасып, Сырдария бойындағы қалалар мен Ташкентті өзіне біржола бекітіп қалдырыды. Есім ханың және одан кейін хан болған оның баласы Салқам Жәңгірдің тұсында жоңғар басқыншыларының шабуылдары жій болып, олармен кескілескен құрес жүргізілді. Солардың ішінде Салқам Жәңгірдің 600 әскермен жоңғардың 50 мың әскерін талқандаған Ұлы Ерлігі қазақ тарихында ерекше орын алады.

Кестеде Есім ханың өлген жылы — 1628 және жақшаның ішінде 1645-жыл деп көрсетілген. Мұның соңғысы кейіннен табылған құжаттардан алынған дерек. Сондай-ақ Есім ханың баласы Жәңгірдің де өлген жылын барлық деректерде 1652-жыл деп көрсетеді. Егер осы деректі дұрыс десек, онда Жәңгір өлгеннен кейін хан болған оның баласы Тәуекенің таққа отырған кезімен (1680 ж.) арада бакандай 28 жыл ашық қалады. Бейне осы екі аралықта, яғни 1652-жылмен 1680-жылдың арасында Қазақ хандығы хансыз қалған секілді. Ал шын мәнінде бұл екі аралықта хандық хансыз қалмаған. «Қазақ ССР тарихынан» бастап барлық құжаттық енбектерде Жәңгірден кейін хан тағына 1680-жылы Тәуке отырды дейді. Егер осы рас болса, онда не Жәңгір 1652-жылы емес, 1680-жылы өлген болады, не Тәуке хан тағына 1680-жылы емес, 1652-жылы отырған

болады. Екінің бірі. Сонда бірақ осының қайсысы дұрыс?

Бұл сұраққа жауапты іздеген жан ғалым В. А. Моисеев-тің жақындаған жарық көрген «Жоңғар хандығы және қазақтар» деген зерттеу еңбегінен табуына болады. Онда ол: «Сексенінші жылдардың басында ойрат армиясы Жетісү мен Оңтүстік Қазақстанға басып кірді. Осындағы соғыстардың бірінде қазақ ханы Жәңгір қаза тапты» деп, оның жекпе-жекте мерт болғаны жөніндегі мәлімет береді. Ғалымның осы дерегі Жәңгір ханның біз айтып, жазып жүргендей 1652-жылы емес, 1680-жылы өлгеніне кепілдік берсе керек. Сондықтан да кестеде біз тарихта қалыптасқан мерзімді көрсетумен бірге өзіміз дұрыс деп тапқан жылды жақша ішінде қоса беруді жөн көрдік.

Жәңгірдің баласы Тәуке ханның билік құрған кезі кейбір қақтығыстарға қарамастан халық арасында «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» дейтіндей, тыныш заман болды. Тәуке сыртқы жауға тойтарыс бере отырып, қазақтың ру, тайпалары арасындағы ішкі талас-тартысты тиып, олардың өзара ынтымакта тұруына қүш салды. Қазақ жүздерін іс жүзінде өздерінің ортасынан шыққан билерге, атап айтқанда, Әлібекұлы Төлеғе, Келдібекұлы Қазыбекке, Байбекұлы Эйтекеге басқартты. Солардың комегімен «Жеті жарғы» деп аталатын ел басқару занда-рының ережелері құрастырылды.

Тәуке хан өлген соң билікке таласқан сұлтандар жеке хандық құруға ұмтылды. Сөйтіп Кіші жүзге Әбілқайыр, Орта жүзге Қайып, Ұлы жүзге Жолбарыс хан болды.



Осы арада ескере кетер бір мәселе, кестеде Кіші жуз бен Орта жүздің хандары көрсетіліп, Ұлы жүз хандары көрсетілмейді. Оның себебі, Ұлы жүзді Тәуке ханның тұсында іс жүзінде Төле би басқарды. Ол өлгеннен кейін мұнда Шағатай үрпағы Абдаллах ханның баласы Жолбарыс (1720—1740 жылдар) хандық құрды. Ол Ұлы жүз территориясы мен тайпаларының аз ғана бөлегін Россияға қости. Бірақ патща үкіметі Ұлы жүздің бұл бөлегіне жер шалғайлышына байланысты XIX-ғасырдың ортасына дейін тек сөз жүзінде ғана билік еткен болды. XVII-ғасырдың аяғы XVIII-ғасырдың басында Ұлы жүз жерін жонғарлар басып алды. Ал XIX-ғасырдың бас кезінде Ұлы жүздің едәуір бөлегі Қоқан хандығына бағынды.


1848-жылдан бастап патша үкіметі Ұлы жүз қазақтарын басқару үшін Үлкен Орда приставтығын құрды, ол Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының құрамына енді.


1731-жылдан бастап әуелі Кіші жұз, кейінрек Орта жұз Россия империясының бажағына айналды.

Патша үкіметі Орта жұзде хандықты 1822-жылы, Кіші жұзде 1845-жылы жойды. Уәліден кейін оның мұрагері Ғұбайдолла хан болуы керек еді, бірақ патша әкімдері қала салуға жер бермегені үшін оған өкіметке қарсы болды деген айып тағып, жер аударып жіберді. Сондықтан елді аз уақыт Айғаным (Уәлінің бәйбішесі) басқарды. Ресми құжаттарда Орта жұзде Уәлі мен Бекей, Кіші жұзде Шерғазы мен Жәңгір Қазақ хандығының соңғы хандары деп есептелінеді.

ШЫҢГЫС ХАН







Абылайдың Үәлісінен

Әбілмәмбет

Шыңғыс

Хамза

Төрекан

Ғаббас

Абылай
(Әбен)

Жошы

Тәүкө

Әлі
(Әліжан)

Ғұбайдолла

Есім

Қанқожа

Шеген
(Шепе)

Мұхамед-Қанапия (Шоқан).

Жақып.

Әбілмақыжан .
(Мақы)

Махымет .

Сақылкерей .
(Козыке)

Нұрмұхамед
(Коқыш)

МАЗМУНЫ

Кестеге кіріспе	3
Скиф патшалары	6
Сақ патшалары	10
Хүннү тәңіркүттары	16
Дунху билеушілері	16
Жұжан хандығының хандары	25
Түрік қағанатының қағандары	22
Ұйғыр қағанатының қағандары	28
Түргеш қағанатының қағандары	31
Қарахандар мемлекетінің хандары	31
Алтын Орда хандары	35
Көк Орда хандары	37
Қазақ хандығының хандары	39
Кесте	44

Салғараұлы Қойшығара

ХАНДАР КЕСТЕСІ

Редакторы *Б. Қожабекова*

Суретшісі *А. Тіленшиев*

Көркемдеуші

редакторы *С. Макаренко*

Техникалық редакторы *Н. Күшнәрева*

ИБ № 4788

Теруге 14.02.92 жіберілді. Басуға 13.04.92 кол қойылды. Қалпы 84×108^{1/32}. Қағазы № 2. Қаріп түрі «Тип Таймс». Шығыңқы басылыс. Шартты болу көлемі 2,94. Шартты баспа табағы 2,52. Есептік басылу табағы 2,4.. Ұзын саны 50 000 дана. Тапсырыс 3552. Келісімді баға.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат міністірлігінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат міністірлігіне қарасты «Кітап» фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.